



ТҮЙТКІЛ

Ауыл көшіп барады... Бұл сөзді қазір Тобыл өңіріне қаратып айтуға болатын шығар. Өйткені Қостанай облыстық мәслихатының кезектен тыс сессиясында депутаттар облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгертуге дауыс беріп, Қостанай, Денисов, Әуликөл және Қарасу аудандарындағы бес ауыл – Янушевка, Чебеновка, Киров, Братское мен Күленсай ауылдары картадан сызылады.

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында тұратын, елдегі Есенбай биыл тағы да көшемін деп копандапты. Әкесі Зияпберген де кешегі кенес заманында екі күннің бірінде жүгін жинап «елден көшемін» деп башшыларды қорқытатын. Тәп-тәуір механизатор еді. Темірге мықты болғанымен, тегеурін көрсетуге жок. Жуас. Ол кезде Володар ауданында «Қазақстан» мамандандырылған шаруашылық бірлестігіне қарасты төрт ауыл болды.

Есенбайдың әкесі Зияпберген алдынан жұмыс үркіп отыратын мықты механизатор болғанымен, «жуас түйе жүндеуге жақсы» дейді ме екен, әйтеуір трактордың қаусағаны, шаршағаны тиеді. Ілдебайлап көкірегі сырылдап тұрған ескі тракторды жүргізеді-ау. «Үлкен пышақ ұялғаннан өтеді» демекші, бала-шағаның соңында қалып жүргенін ұят санайды. Күндердің бір күнінде ашу-ызасы бүрк етіп жарылсын. Көшемін деген. Басқа бір дұрыс жерге барамын.

СЫР-СҰХБАТ

Бала Қазыбек би небәрі 14 жасында қалмақтың қонтайшысына айтқан сөзі бар: «Қазақ деген мал баққан елміз...» – деп бастайтын. Мал – қазақтың ықылым замандардан бергі атақесібі болғанын осыдан білеміз. Қорадағы малынан, астындағы атынан айырылған қазақтың не болғаны баршаға аян. Газетіміздің бүгінгі қонағы атақесіптен алыстаған қазақтың масылдық психология меңдеп, жалқаулық жеңгенін айтады.

Басылымның дәстүрлі айдары бойынша қағамда айтар сөзі, орамды ойы бар азаматтарды әңгімеге тартып, сұхбат алып тұрамыз. Олардың әңгімесі оқырманға ой салса екен деген үміт біздікі. Бүгінгі қонағымыз – фольклортанушы ғалым, музыкатанушы маман, эпик жыршы Берік Жүсіпов. Таныстырып жатудың өзі артық. Берік Жүсіповтың өткен еңбегі мен алған атаң-даңқы жеткілікті. Қысқартып айтсақ: қазақ радиосының «Алтын қорында» жүзден аса авторлық бағдарламалары сақталған. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Үш жүзге тарта ғылыми-танымдық мақалалар мен бірнеше кітаптың авторы.



АТАКӘСІПТЕН АЛЫСТАДЫҚ, МАСЫЛДЫҚ ПСИХОЛОГИЯ БИЛЕДІ

Jas qazaq: Берік аға, өзінізбен сұхбатқа келіскен кезімде, ойымда ойкастаған әр алуан сұрақ көп еді. Енді, міне, неден бастарымды да білмей отырмын. Көп оқыған, көп білетін, білім-білігі жетік адаммен әңгімелесу журналист түгілі, қаламы қарымды жазушыға да онай соқпаса керек. Өз басым, Берік Жүсіпов десе, ХХІ ғасырға сыймай жүрген, тас қалаға тосырқай қарайтын. ХVIII-XIX ғасырдағы дала оқымыстылары немесе құлдық санадан ала өткен дәуірлердің мінезді, жүректі қас бағырын көргендей боламын...

Б.Жүсіпов: Дала төсінде еркін көшіп-қонып жүрген кешегі бір заманда біз кімге сәлем бергендей едік. Әрілегіні айтпағанда, бергі мұрты аузын қапқан, мысық тілеу, қысық көз көршілердің талайынан ақырып тендік сұраған, алапасы асқан алдаспанды ерелердің ұрпағы екенімізді әлем біледі. Бірақ мына заманы құрымағыр сол есі бүтіндерден қалған есті дүниелерді, әсіресе адамның өзін бып бара жатқанын көргенде бәрі жүректің көкке қарап ұлтынын жасыра алмаймын.

Пенденің нәзік танымна тән тағдыр деген түсінік бар. Оны ешкім таңдай алмайды, туғанда пешенені жазылатын сол шытырманның тылсым ықпалымен адам атаулы өзіне жол таңдайды. Оны қазір көп жұрт мамандықпен шатастырып жүр, негізі екеуінің тек тамыры от пен судай қабыспайтын дүниелер. Әуелде біздің талайымызға бұйырғаны ескіден қалған есті мұраға шырақшы болу сияқты. Мен өзіме артылған осы аманат жүгін тым ерте, он екі-он үш жасымда сезінген қазақпын. Содан соң көп бұлаққа салмай бұралаң жолға түсіп алып жүре беріппіз.

(Жалғасы 3-бетте)

АУЫЛ ҚАЛДЫ ҚАҢЫРАП...



Солтүстік өңірде де не көп?! Қотанында жалғыз үй қалған ауыл көп. Образға орап жалғыз үй деп айтып отырғанымыз ғой, әйтпесе көптеген ауылдың соңғы қазығын суырып, үдере көшіп кеткенін көргенде көңіліңді мұң басады.

— Қайда барасың? — деп қасындағы жұрт сұрамай ма.
— Бұл кеншарды желкемнің шұқыры көрсін, — депті Зияпберген жарықтық.

(Жалғасы 5-бетте)

БІЛІМ

АСХАНАСЫЗ МЕКТЕПТЕ АШ ҚАЛАСЫЗ

Кішкентай Айкөркемнің мектепке барғанына екі айдан асты. Бұған дейін анасының, одан қалды балабақша жасап берген жайлы қоныстан енді ғана шыққан Айкөркем мектептің тәртібіне үйренгенімен, тамаққа келгенде кәдімгідей қиналып жүр. Өйткені, бүлдіршін оқушы қыз әлдебір жауапсыз мөрдігер компания асханасыз қалдырған Атыраудағы алты мектептің бірінде оқиды. 1-сыныпқа енді барған қыз қазір тіптен қиналып жүр. Себебі олар ас ішетін орын еш жабдықталмаған. Қара суықта оқушылар қалың сыртқы киімін киіп отырып, тамақ ішуге мәжбүр.

Айкөркем «Кейде қатты тоңғаннан қасығым, не қолымдағы тамағым жерге түсіп кетеді. Оны қайта алам дегенше, алдымдағы ас суып қалады. Тезірек асханаға барсақ екен» — дейді. Бірақ кішкентай Айкөркемнің арманы нақты қашан орындалатыны әлі белгісіз. Себебі



шынашақтай қыз сияқты ұзын саны 2500 оқушы сырт киіммен отырып, тамақ ішіп жүр. Оларды осындай қиындыққа тап қылған — «Арал» ЖШС компаниясы. Олар істі болып тынды. Компания білім ошақтарына жапсарлас салынған асхана ғимаратын дер кезінде пайдалануға бермегендіктен, сот оларға қаражатты мемлекетке қайтару туралы шешім шығарыпты.

Асханасы жоқ білім ошақтары — Атыраудағы №14, №15, №23, №28 және Фариза Оңғарсынова мен Тауман Амандосов атындағы орта мектептер.

Соның салдарынан балалар мектепте берілетін ас-суды жасакталмаған кабинеттерде, тасымалданған ыдыстан ішуге мәжбүр.

Атырау облыстық білім беру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жансулу Төремұратованың айтуынша, бюджеттен артық қалған қаражат біреуге кеткен жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН...

ЖАРЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН ТАҒДЫР



Захра Маханова – бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жан. 16 жасында көз ауруына байланысты «глаукома» деген диагноз қойылған (су қараңғылық). Әдетте бұл ауру жасөспірімдерде кездеспейді екен. Ал біздің көйпкеріміз жастайынан осы дертке тап болған. Алайда тағдырдың қиындығына мойымастан, сирек кездесетін дертті жеңіп, өмірден өз орнын тапты. Қалай, қайтіп? Осы сұрақ өзгелерді де тағандыратыны даусыз. Сондықтан Захраның өміріне үңілдік.

(Жалғасын 6-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)
62,44



DOLLAR
388.86



EURO
431,28



РУБЛЬ
6,10

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



92 мың теңгеге не ішіп-жедініз?

(Толығырақ 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

Өткен жылғы 19 желтоқсанда әріптесіміз Уәлихан Қайназаров бастаған депутаттар Үкімет басшысына қатты тұрмыстық қалдық пен қоқысқа байланысты депутаттық сауал жолдаған болатын. Алайда «бұл мәселені тұрақты бақылауда ұстаймыз» деген үкіметтің сырғытпа жауабы, атқарылып жатқан жалпы сипаттағы жұмыс заңда белгіленген мерзімге толық сәйкес келмей тұр. Ал Мемлекет басшысы экологияны жақсарту, жаңартылатын энергия көзін кеңейту мен пайдалану және табиғатқа ұқыпты қарауды дамыту жөніндегі жұмысты жандандыруды міндеттесе, азаматтық қоғам өкілдері онлайн-қолжетімді экологиялық мониторинг жүйесін енгізу жөнінде мәселе көтеруде.

Жалпы қоғамның экологиялық мәселеге көңіл бөле бастағанын жақсыға балаған жөн. Жұрт берекетсіздікті сынап, коқысты фотоға, видеоға түсіріп, әлеуметтік желілерге жіберіп, табиғатты, қоршаған ортаны қорғаудағы азаматтық ұстанымын білдіре бастады. 3-4 жыл

шешпесе кеш болады. Бұл салада көршілерден үйренетін көп нәрсе бар. Мысалы, Қытайда жекелеген ұйымдар өз аумағында коқысты уақытында жинамаған жағдайда, оны арнайы мекеме, кәсіпкер орындайды. Ал ақысы бірнеше еселенген сомада өндіріліп алынады.

Сондай-ақ елде халықтың және бизнестің төлемін шоғырландыратын және оларды қатты қалдық жинауға, сұрыптауға және қайта өңдеуге



макулатура, қолданыстан шыққан пластик зат, электрондық бұйым жинау жүйесін енгізсек. Сонымен бірге волонтерлер стадионда жарыс өткенде пластик шөлмекті жинау акциясын ұйымдастырса, оны спорт федерациялары қолдап жатса, тиімді әрі тағылымды шара емес пе?

Экологиялық акция, экология айлықтарын өткізу тек заңды тұлғаның ғана емес, жеке азаматтардың да актив есебіне жазылып, жинақталған балл жұмысқа орналасу кезінде, сондай-ақ

ҚАЛДЫҚ ТА КӘДЕГЕ ЖАРАЙДЫ

бұрын жағдай мүлдем басқаша болғанын ескерсек, мұны өркеніеттің өлшемі, мәдениетіміздің өскені деп қабылдаған абзал.

Бүгінгі таңда елімізде 3520-ға жуық тұрмыстық қалдық полигоны бар екен, бірақ олардың 17,6 пайызы ғана экологиялық және санитарлық талапқа сәйкес келеді. Сондай-ақ «Қазақстан ғарыш сапары» АҚ-ы 9 мыңнан астам заңсыз үйіндіні фотоға түсіріп, анықтаған. Аймақтарда қалдықты сұрыптайтын және қайта өңдейтін 170 кәсіпорын бар, олар заманауи зауыт емес. Сондықтан ойланатын мәселе көп.

Жақында Президентіміз Алматыға барған сапарында: Үлкен Алматы көлі, Медеу, баска да тынығатын орындарда шашылып жатқан коқыстың үйіндісін қатты сынға алды. Қала төңірегінде 86 коқыс орнының 55-сі әлі күнге дейін жабылмаған. Аумақта коқыс өңдейтін заманауи зауыттың жоқтығынан қалдықтың 11 пайыз ғана өңделетінін айтып, жағдайды түзеуді тапсырғаны белгілі.

Көршілес Ресейде жаңартылатын энергия көзінің бірі ретінде коқысты жағатын зауыт салына бастады. Hitachi корпорациясының технологиясын сатып алған «РТ-Инвест» компаниясы 5 зауыттың құрылысын бастады. Жоспарда қосымша 2 зауыт салу тұр. Әлемде дәл осындай сапалы сүзгісі бар 500 кәсіпорын қалалардың дәл ортасында іске қосылған. Сондықтан қолжетімді озық технологияны енгізуді жана экологиялық кодекстің қабылдануын күтпей-ақ жеделдетіп

бағыттағйтын арнайы «коқыс хабтарын» құрып, олардың санын арттыруға болар еді. Мұның жоба-схемасы мынадай: хабтар қалдықты жинаушыларға ақы төлейді, сол арқылы олардың өздері де қалдықты заңды полигонға жеткізуге ынталы болады. Әрине, сұрыпталған коқыс үшін тарифтердің жоғары болатыны түсінікті. Мұның пайдасы — жана өндіріс, жана жұмыс орны, жана ойлау жүйесі деген сөз.

Біз үкіметке осындай озық тәжірибені қолдану мүмкіндігін және жалпы экологияға қатысты өзекті түйінді шешуде көзделген кешенді іс-шараны уақыт талабына сәйкес қайта қарап, пысықтауды ұсынамыз.

Биыл 16 қазанда өткен жиынымызда Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин мен депутат Қуаныш Сұлтановтың жана экологиялық кодекстің идеологиясына қатысты «Экология мәселелері — бұл біздің ұлтымыздың болашағының мәселелері, барлық бағыттарда, соның ішінде ұлттық санада, мәдениетте, өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелерінде өзіміз қалыптастыратын мәселелер» деп өте орынды атап көрсетті. Бұл орайда, коқыс өңдеу саласын реттеумен қатар қазақстандықтардың экологиялық мәдениетін де көтеру ерекше маңызды деп ойлаймыз. Ал экологиялық сананың деңгейі білім беру мен ағартушылық, үгіт жұмысының сапасына байланысты болмақ.

Коқысты бөліп жинауды кеңінен насихаттау қажет — әлеуметтік ролик әзірлеп, БАҚ-та, прайм-тайм-да телеарна арқылы көрсету, оқушылар, студенттер арасында, кәсіпорын мен ұйымда

баска да мемлекеттік қызметті пайдалану кезінде ескерілуге тиіс. Коқысты сұрыптамайтындарға жоғары тариф және оны жана өдіспен көдеге жарататындарға төмендетілген тариф сияқты икемді тарифті белгілеу арқылы тұрғындарды ынталандыру қажет. Бұл өте маңызды. Кейбір сауалнамаға қарағанда, қала тұрғындарының 80 пайызы коқысты бөлек жинауға әзір екенін білдірген, бұл — қуанарлық жетістік.

Сонымен бірге мектепке дейінгі ұйымдарға, мектеп оқушыларына арналған экология оқулығын және балаларға арналған Қызыл кітап әзірлеп, басып шығарудың да мезгілі жетті деп ойлаймыз. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, мынадай ұсыныстарға назар аударуды қалар едік: Коқыс жағу, коқысты түпкілікті өңдеу заводын салу, арнайы коқыс хабтарын құру жөнінде мәселелерді қарауды; тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру жөніндегі мақсатты іс-шараны қолға алуды және алдағы Волонтер жылында қоршаған ортаны қорғауда волонтерлік бастаманы бағалау жүйесін енгізуді; мектепалды мекеме мен оқушылар үшін экологияға арналған көрнекі, оқу-әдістемелік құралын, танымдық, ғылыми-көпшілік әдебиетті шығаруды жолға қою. Айналып келгенде, еліміздің экологиялық тазалығы үшін жұдырықтай жұмылып, ерінбей еңбек етуді үйренуіміз керек.

Дархан МЫНБАЙ,

Мәжіліс депутаты



Екатерина НИКИТИНСКАЯ,
Мәжіліс депутаты:

«Мен бір кездері тұмауға қарсы екпе жасаттым.

Ертесіне ауырып қалдым. Содан бері екпе жасатқан емеспін. Жалпы, егде кісілер мен балаларға екпе алу міндетті деген нені білдіреді? Иммунолог мамандардың көбісі өз балаларына екпе жасатпайды. Өйткені көз келген екпе адамның иммундық жүйесіне әсер етеді. Егер екпе аса қауіпті ауруларға қарсы жасалса келісемін. Ал қазір барлығына екпе салу неге міндетті саналады. Сіздер екпе алмаған баланың мектеп пен балабақшаға баруына неге тыйым саласыздар?».

Камалжан НАДЫРОВ,
денсаулық сақтау вице-министрі:

«Екпенің көрі әсері де болуы мүмкін. Оны жоққа шығармаймын. Біз жыл сайын халықаралық сарапшылардың

эпидемиялық ауруларға қарсы сараптамасын бақылаймыз. Қауіпті дертке қарағанда тұмаумен ауырған адамдар өмірмен жиі қоштасады. Сондықтан екпемен тұрғындардың басым бөлігін қамтамасыз ету — басты назарда. Бұл – халықаралық тәжірибе. Біз шетелдерде, елімізде екпеден бас тартатындар көп екенін айтсақ, әріптестеріміз таң қалады. Өйткені олар бұл мәселені әлдеқашан шешкен. Екпе салу керек пе, жоқ па? Бұл жерде берер жалғыз жауабымыз – екпе салу керек!».



Инфографика

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК



(отбасы саны)



Дереккөзі: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Аптаның айыппұлы



126250 теңге
(куәлігінен айырылған азамат көлік жүргізген жағдайда)

Әлеумет.т⁰



АҚЫНДЫ ҚОРЛАП, БАТЫРҒА КӨШТІ

Шығыста тағы да шу шықты. Бұл жолғысы сол бір ескірмеген ескерткіштердің жыры. Кезінде хәкім Абайдың кеуде мүсіні қоқыстан табылып жұрттың ашуына тисе, осы жолы Кеңес одағының батыры Мәншүк Мәметованың сұрықсыз мүсіні көптің сынына ілікті.

Семей қаласындағы «Женіс саябағы» аллеясына Кеңес одағының батыры Мәншүк Мәметованың мүсіні қойылды. Қойылғаны сол еді, дүйім жұрт мүсінді әлеуметтік желіде қызу талқыға салды. Көпшілік Отан үшін от кешкен Мәншүкті ұсқынсыз қылып жасаған шеберлер мен мүсінді саябаққа орнатқан әкімдікті сын садағына алған. Қалалық әкімдіктегілер болса, мүсінді тапсырыспен жасатқандықтарын растап отыр.

Семей қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Роллан Кемербаевқа хабарластық. Ол: «Биыл жазда қала ішіндегі қураған ағаштардан шағын мүсіндер жасау жұмысы басталған еді. Бұған дейін аю, домбыра секілді мүсін жасалып, Абай алаңына қойылған-тұғын. Әуел баста бұған семейліктердің пікірі оң болды. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты жалғастыру үшін Алтай қаласынан келген шебер Юлия мен Иван Куртуновтарға «Женіс» саябағындағы шіріген ағаштан мүсін жасау туралы ұсыныс жасадық», — дейді.

Оның айтуынша, саябақтағы жауынгер қыздың мүсіні сәтсіз жасалғандықтан, қазіргі уақытта алынып тасталыпты. Әкімдік өкілі: «Ағаш мүсінді жасауға қалалық бюджеттен ешқандай қаржы қарастырылмаған. Енді осы бағыттағы жұмыс қатан бақылауда болады», — делі.

Былтыр күзде хәкім Абай мүсінінің Өскемен қаласындағы коқыста жатқан фотосуреті әлеуметтік желіге тарап, мұқым елді дүр сілкіндірген еді. Ұлы ақынның мүсініне кезінде Шемонаиха ауданының әкімдігі тапсырыс берген-тұғын. Алайда мүсінші өз жұмысын аяқтағаннан кейін шенеуніктер ақша төлеуден бас тартыпты. Осылайша, мүсін ешкімге керексіз болып қалған.

Мүсіншінің ұлы Владимир: «Бұл ескерткішке 2014 жылы Шемонаиха ауданының әкімдігі тапсырыс берді. Әуел баста олар әкеме 500 мың теңге береміз деп уәде еткен, бірақ мүсін жасалып біткен соң бағаны түсіре бастады. Содан барып, мүлде алмайтындықтарын айтып, ешқандай тапсырыс жасамағанын алға тартты», — дейді.

Өкінішке қарай, келісім жазбаша емес, ауызша жасалыпты. Әлеуметтік желі қолданушылар ақынды қорлағандарға қатты ашуланған-ды. Абайдың портретін жасаған Владимир Самойлов: «Үйге жөндеу жұмыстарын жасап жатқандықтан, ескерткішті қақпаның сыртына шығарып қойдым. Жолай өтіп бара жатқан ешкім де мүсінге мән берген жоқ. Тек оның қасына коқыс шығарылғаннан кейін ғана үлкен шу болды. «Абайдың мүсіні коқыста жатыр» деген сөз бүкіл елге жайылып кетті», — деп ақталған.

Көп ұзамай жергілікті билік мүсінді сатып алу жайлы шешім қабылдады. Әкімдіктің базасына көшірілген Абайдың мүсінін Владимир Самойлов өзі бояп шыққан. Мүсін қалыпқа келгеннен кейін облыс орталығындағы мектептердің бірінде орнатылыпты.

Абай мүсініне қиянат одан бұрын да болған. Естеріңізде болса, Өскеменде 2014 жылы Абай Құнанбайұлы мен оның досы, орыс ғалымы Евгений Михаэлистің ескерткіші тұғырда бар болғаны бір тәулікке жетер-жетпес уақыт қана тұрды. Оның суретін әлеуметтік желіде жариялаған қолданушылар ескерткіштің көркемдік мазмұнын қатты сынап, монументтегілер Абай мен Михаэлиске емес, «қортық адамдарға» ұқсайды деп жазды. Кейбіреулер қолына кітап ұстап тұрған Михаэлисті «селфи жасап тұрған» адамға ұқсатты. Қоғамда осы дау-шар басылмай жатып, қазақтың тағы бір ардақтысын қорлау басталып кеткендей.

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы

Сөз-Жебе



Сergeй ШВЕЙКИН,
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің терроризмге қарсы орталық басшысының орынбасары:

«2008 жылдан біздің азаматтарымыз «Әл Қайдамен» байланысы бар топтарға қосылу үшін Ауғанстанға кетті. Ал 2013 жылдан бері Қазақстаннан Сирия мен Иракқа бара бастады. Өткен кезеңде 800-ден астам отандасымыз шетелдерге аттанды. Көбі соғыста қаза тапты».

Қызықтан қызықтары

ТҮСКІ АСЫ – 92 МЫҢ ТЕҢГЕ?!.

Адамнан айла артылған ба? Алайда ескемөндік ашқарақ жігіттің қулығы жүзеге аспады. Ол тал түсте 92 мың теңгеге тоя тамақ ішіп, ақшасын төлеуге келгенде айнып қалыпты. Сөйтіп қашып кеткен.

Бұл туралы Өскемен қалалық полиция департаментіне 28 жастағы мейрамхана әкімшісі шағымданған. «Ол түскі ас ішіп, ақшасын төлемей кеткен клиентке қатысты шара қолдануын сұрапты. Жедел-іздістіру барысында тәртіп сақшылары 26 жастағы жігітті ұстады. Ол кінісін толық мойындады». Бұл туралы қалалық полиция департаменті хабарлады. Қазір комағай жігіттің үстінен сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды.



(Басы 1-бетте)

Байқап отырсаңыз, қазір көп адам өресі тар өтірік сөзге орын беруге әуес. Менің өйтуге арым бармайды. Иә, әуелде көз ұшында бір сынық айдың сәулесі бар екені рас еді, бірақ біз оны шын ажыратып тани алған жоқпыз.

Сөйтіп қанағалақтап жүріп қалыптастық, түйсік арқылы әлгі жетегіне алған күштің ықпалында болдық, басымызды тауға да, тасқа да ұрдық, сан рет жаңылыстық, онбай құладық, қайта тұруға талпындық, сөйтіп жүріп осы күнге жеттік. Сондағы көргеніміз, біздің ақжелең қиялымызды тербеген идеал атаулының әбден күйреп, адам айтса нанғысыз дәрежеге жеткені. Міне, білуге жазылғаны осы ғана екен. Егер бойымызда сен көрген әлгіндей көзгеріп болдық. Қазақ мінезінің осыншалық өзгеруіне, тамырынан бүлінуіне не себеп болды деп ойлайсыз?

Жас qazaq: Сіз көзін көрген даланың дара ұлдарының мінезі қандай еді? Қазір қыз мінезді жігіттер мен сөзінде тұрмайтын еркек аты бар бөріктілер көбейді. Бір-бірін мақтаса жер-көкке сыйғызбайтын, даттаса қара жерге көміп тастауға дайын мейірімсіз ағалар мен аталарды күнде көретін болдық. Қазақ мінезінің осыншалық өзгеруіне, тамырынан бүлінуіне не себеп болды деп ойлайсыз?

Б.Жүсіпов: Оның рас, мақтаудан алдына жан салмайтын ұлтқа айналдық, түбінде осы қасиетімізден опық жейміз. Жамандық атаулының бәріне көз үйретіп, еш нәрсеге таң қалмайтын болдық. Қасиетті деген ұғымдар мен бейқасиет нәрселер мидай араласып кетті. Қоғамдық дерт әбден асқынды, Алла ақырын білмесе, адам пақырыңыз азуга айналды.

Сол иман сауытты кемел, ошағына тер төккен аналарымыз біздің ұлттық қасиетке толы кодымызды сақтап, бүгінге жеткізіп, келесі буынға өткізіп берді. Өкінішке қарай, заманның жылтырақтарына көзімізді сатып жүріп, біз ұлттың ізгі дәстүрлерінің бірін де тұтына алмай қалдық.

Сол екі ортада теңдік деген шайтани идеяны түрлі айла-шарғылармен санаға сіңіріп жіберген жат пиғыл иелері ақыры тенеспейтін дүниелерді теңестіріп тынды. Бұрын шығыс әйелі рудың меншігі болса, қазір қазақ әйелдері ерлерін меншігіне айналдырды, тіпті кейбірін өзі тапқан үлкен ұлындай көреді. Соның арқасы емес пе, еркек байғұстарды қалаған жерден қайырып алып ішдерді аттай шерменде қылып қойып отырғандары.

Былай қарасаң, түкке тұрғысыз нәрсе сияқты. «Екеуі бір отбасы емес пе, үлгірмей жатса, еркегі баланың жаялығын да жуа салсын» деушілер көп. Міне, осындай көзде көрінбейтін, көрінсе де елеусіз деп табылып жүрген жайттар жиынтығы жинала келе балталасаң, бұзылмайтын бүгінгі әйел атаулыға тән мұзтауға айналып болды. Бұл торай тобық қасиеттен қазақ әйелдері өзілгінен, саналы түрде тыйылмаса, әзірге «әй дейтін ажа мен қой дейтін қожа» көріп тұрған жоқпын. Оған жалпының ішіндегі көргені бар жалқының тәрбиелі жолын қарсы қоятын қоғамыңның сиқы мынау. Тамырын құрт кеулеген ескінің үлгісі көз алдында шіріп, ағып түсіп жатса да, бас ауыртып отырған жанашыр аз. Ұя бұзу әбестік болмай қалды, ішіме сиған қызым сыртыма да сияды деушілер



АТАКӘСІПТЕН АЛЫСТАДЫҚ, МАСЫЛДЫҚ ПСИХОЛОГИЯ БИЛЕДІ

Біз дала қазағының үлгісінде тәрбиеленіп, таным-түсінігін баба қазақтың тамырына байлаған қариялардың тәлімін түйіп, батасын алып, солардың көкірегіндегі халық мұрасын жинастыра жүріп, балалықтың ауылынан алыстау өстік. Бір сәт елестетіп көрші, он үш-он төрттегі бала мына далиған дүниенің қадіріне әлдеқашан жеткен, алпысты алқымдап, жетпісті желкелеп, тіпті сексеннің сенгірінде шамшырақтай жайнап отырған абыз қарттардың көкірегіндегі қазынаны қаттап алып қалу үшін екі арада қандай байланыс болу керек. Сондықтан да мен саған олардың мінезінің қандай болғанын сарқып айтып бере алмаймын, ол жарықтықтарды тек көзбен көру керек. Ал біздің бойымызда соның жұканағы қалды, оны жасыра алмаймыз.

Табан етімді таздырып жүріп жинаған мендегі екі мың сәғатқа жуық аудио қазынаға заманында тек Ақселеу Сейдімбек сияқты зереннің ғана мұрағаты теңесе алатын. Бүгінде сол асылдардың дауысын онашада өзім бей-жай отырып тындай алмаймын, кәдімгідей жүрегім ауырады. Шынын айтқанда, мұнын қандай күш екенін әзірге өзім де түстеп тани алған жоқпын. Олардың жан дүниесінің тазалығы бұл күнде мына тұмса табиғатынан да табылмайды. Ал өзің айтып отырған мың сан сұраулы мәселенің басты себебі — бұлақ бастауларымыздан көз жазып, бойымызға жаттекі мәдениет пен сенім үлгілерін шамадан тыс сіңіріп, ақыр аяғында сананы тұрмысқа билетіп, ғасырлар сүзгісінен өткен жақсы әдеттерімізден жерініп, өзімізді ұлт ретінде менсінбейтін дәрежеге дейін құлдырауымыздан деп ойлаймын. Әрине, мұнын бәрін жеріне жеткізіп айтып, талдап, таразылап беру үшін осы тақырып төңірегінде арнайы сұхбат жасау керек. Құдайлық бастамаларға құдайсыздар ғылымының нәтижесін қарсы қойған адамзат баласы үздіксіз дамудың ақыры әлемдік дағдарысқа ұрындыратынын білмеді деуге дәтім бармайды. Қоғамда орын алып отырған берекесіздіктер себебін терең түсіндіретін ғылымға құлақ асқан дұрысырақ. Жалпы, бүгінгі қоғамдық ой-пікірді бір қауызға сидыратын ортақ пәтуа болмайынша, бәлду-бәлду бәрі өтіріктің керінен әрі аса алмаймыз.

Жас qazaq: Сұрақты қазақ мінезінің өзгеруінен бастадық қой. Әженің қалтасындағы науатын жеп өскен соңғы буын сіздерден кейінгі біз шығармыз. Қазір немересіне науат беретін әжелер тойда сарқытқа таласып жүр. Әйел деген әдемі есімнің иесі ауылдағы аналарымыз *(қаладағыларға сөзім жөк)* шашын бояп, шалбар кие бастады. Бүгін түскен жас келін ертең күйеуімен әй-шәй десіп, әке-шешесін ертіп келіп, ажырасып жатыр. Ұлттың анасы әйел табиғатының тамыры қайдан, қалай бұзылды?

Б.Жүсіпов: Ұлт қалыптастырған биік камалдар өздігінен бұзылған жоқ, оны қолдан балталай жермен-жексен етті. Есінде болса, бұрынғы қазақ «Ердің атын қатын шығарады, қатынның атын отын шығарады» деуші еді ғой.

көбейді, оны айтудың өзі қорқынышты. Жаратушы жар болмаса, әйел ұлттың арына баланудан қалып бара жатыр. Мен бұдан асқан ақырзаман болады деп те ойламаймын!

Жас qazaq: Енді өнер тақырыбына көшсек. Өнер неге құнсызданып кетті десем, бәлкім, сұрағым жатпандылау естілер. Бірақ осы күні өнердің барлық саласындағы танымал адамдар, әсіресе жұрт теледидар арқылы білетін тұлғалардың дені таланы таяздар. Мәселен, эстрадала жүрген, дауысын компьютермен бояйтын өншісімақтарды бүкіл Қазақстан таниды. Театр тілінің шұрайы жоқ, фигурасы қызға бергісіз актерлер мен қылықты мінезінен гөрі еркекке бейім актрисалар қаптап жүр. Ал дәстүрлі әнді жағалаған кейбір аға-өпкелеріміз ақша үшін бе, шақша үшін бе, әйтеуір, домбыра мен эстраданы қосып «қос мекендінің» күйін кешіп кеткен. Өнердегі бата беретін ақсақалдарымыз кім ақша төлесе, соның тойына барып, соны мақтап, аты мен атағын саудаға салып болды. Осыдан кейін өнер туралы өрелі ой айтудың өзі киын сияқты.

Б.Жүсіпов: Дәстүрлі өнерді жаппай өмір салтқа айналдыруға байланысты байбалам салу, теңіз бетіне дән сеуіп қойып «Енді мынау неге өнім бермейді?» деумен пара-пар сауатсыз әрекет. Өкінішті болса да шындығын айту керек, дәстүрлі (ұлттық) өнердің дәуірі батқан күннің тасасында қалды. Оған енді тыңдаушыны да қустаналай алмайсың. Ал қас таланттардың сорына талантсыз тобырды өсіріп шығару арқылы өнерді іштей ірітіп, бұлдіру, белгілі бір ұлт қасиет, кие тұтқан нәрселерді қасиетсіздендіру бұл ежелден келе жатқан тәсіл. Тек мұндай әрекеттің тасасында кім және қандай пиғыл тұрғаны ажырату өте маңызды. Жүз жылға, одан да көп мерзімге жоспарланып, кейін әлгі қағидалар қайта жойылып, содан соң мүлдем басқа қырынан, ешкім ойламаған қалыпта қайта қалқып шыға келетін саяси ойындар болады. Мұндай тәжірибеге заманның жымысқы саясатына ақылын алдырмаған ұлт қана төтеп бере алады. Кейінгі кезде мені осы мәселе қатты ойландыратыны, қалғанының бәрі майда-шүйде, түкке тұрғысыз нәрселер.

Руханият ауылының өкілдері, соның ішінде өзін мәдениет майданының жауынгерлері санайтын топтың дені ежелден ұйытқып соққан желдің бағытына қарай қисая кететін үкілі

Бұрын шығыс әйелі рудың меншігі болса, қазір қазақ әйелдері ерлерін меншігіне айналдырды, тіпті кейбірін өзі тапқан үлкен ұлыңдай көреді. Соның арқасы емес пе, еркек байғұстарды қалаған жерден қайырып алып ішдерді аттай шерменде қылып қойып отырғандары.

Былай қарасаң, түкке тұрғысыз нәрсе сияқты. «Екеуі бір отбасы емес пе, үлгірмей жатса, еркегі баланың жаялығын да жуа салсын» деушілер көп. Міне, осындай көзге көрінбейтін, көрінсе де елеусіз деп табылып жүрген жайттар жиынтығы жинала келе балталасаң, бұзылмайтын бүгінгі әйел атаулыға тән мұзтауға айналып болды.

сүйектен жаралған пенде, оның қызметінің түрі жер бетіндегі барша мамандықтар сияқты белгілі бір топтың көңіл күйі мен мүддесін қамтамасыз етуге арналғанын түсіну керек. Сонда оның кәділгі даяшыдан айырмашылығы не? Молда қателеспеу керек деп есептейтін біздің жұрт ұлттық өнер мен шоу-бизнес табиғатын шатастырып алған. Ен бастысы, өнерін сатып жүрген өнерпаздың кәділгі саудагермен бәсі бірдей екенін ұмытқан халық нағыз ұлт жанашырлары мен тұлғалардың басқа мамандық арасында жүргеніне сенгісі келмейтін сияқты. Міне, кейінгі кезде мені осы нәрсе қатты таң қалдырады.

Ал театрға қатысты айтылатын мәселе көп. Әлемде осы өнер түрі керек пе, жоқ па деген де екіұдай пікірлер бар. Өмір бойы басқа біреудің тағдырын кешіп, жасаған образының

қамыс сияқты тым былқылдақ бекініске бой алдырып алғанын өздері де байқамайтын сияқты. Өйткені біз қазір өзімізге сырттың сын көзімен қарауды мүлдем тоқтаттық қой. Бұларды сатып алып, қайта сатып, қалағанынша қолшоқпар жасауға болатынын билеуші топ ежелден жақсы біледі. Сондықтан оған таң қалып керегі жоқ, оның бейопа табиғаты бұл өлкедегі екінің біріне таныс.

Біздің жұртқа өнердің сауда сипаты хақында тереңірек ойланатын уақыт жетті. Қай қоғамда болсын, өнер үшін ақы төленген, кейде ауызбастырғық беру арқылы өнермен айналысуға тиым да салынған. Кейбіреулер ойлайтындай бұл өнердің қасиеті емес. Осы дертке жанасқандар ілкі табиғатында саудагерлік пиғылдан тысқары тұрғаны жоқ. Солай бола тұра, бізде сахнадан жылт етіп көрінген артистен тұлға жасап алып, оны пұтқа табынғандай дәріптеп, ұлтқа үлгі санағысы келетіндер көп. Артист атаулы кәдімгі ет пен

маман елге қызмет жасайын дегеннен гөрі, қалай пара аламын, қалай бірден байып кетемін, қалай көп ақша тауып әуелім үй саламын, бизнес ашамын деп ойлайтын сияқты. Өйткені істеген ісі соны аңғартады. Сондайлардың кесірінен паракорлық деген асқынып кетті. Мектептегі білімнің деңгейін өзіңіз де білесіз. Медицинамыздың да халі мүшкіл. Мемлекетке масыл болып алған сияқтымыз. Полицияның жағдайы бәрімізге аян. Жалпы, ақшаға байланған психологияға қайдан, қалай әуес болдық?

Б.Жүсіпов: Көкейіңді кеулеп, сананды сарытап еткен мына салмағы қорғасыннан да ауыр әр сұрағына менен гөрі мемлекет басшылары жауап берсе, дұрыс болар еді. Бізге қоғамдағы барлық жайтқа байланысты ой айтуға айрықша құқық берілмеген және оның этикаға қиғаш келетін тұстары да баршылық. Сондықтан, мен күлбітлендірмей бірден Аяз билің тәсіліне көшейін. Әйтпесе, онсыз да күренітіп тұрған қиғаш тіршілік емес пе. Жалпы, адам баласы өз табиғатында ақша араласқан жерлерден тысқары болған емес. Тиынды жек керетін ақымақты өз басым әзірге кезіктірген жоқпын. Ондайларды біздің жұрт кемпайда деп қустаналайды. Карасақал Ерімбет молла бұл психологиян жайында «Ұшқан құс, жүгірген аң тамағы үшін / Ойлаған айып емес өлмес жағын» деп кесіп айтқан. Ал масылдық психологияға байланысты ойымызды айтуға болады.

Кешегі Кеңес одағы тұсында сегіз сағаттық жұмыс уақыты деген ұғым пайда болды. Біздің халық бұрын табиғатында жоқ осы күйеге әлі көңілге алмай келе жатқан жұрттын қатарында. Бүгінде біздің арамызда сол заңмен міндет етілген жұмысына келуді ауырсынатын артистер көп. Бұл көкен оны да көрген. Бір ғажабы, жұмысқа келуді міндеттеген башыны арыздың астына алып, төмпештеуден алдына жан салмайтын халықтың бірі болып тұрмыз. Осы сегіз сағат біздің халықтың бойына масылдық психология дәнегін егіп тастаған. Жұрт қатарлы жұмыс сылтаумен уақыт өткізіп келген қазіргі қазақтың басқа нәрсеге тұяғын қимылдатқысы келмейді. Аншылық, егіншілік, малшылық тәрізді атақәсібімізден қол үзген күннен бастап бізді масылдық психология билей бастады. Бұл менің көлгір ойым емес, шын сөзім. Егер маған өмірді қайта сүру мен екінші рет мамандық таңдау мүмкіндігі берілсе, ойланбастан осы атақәсіптің бірімен айналысқан болар едім. Көкіректегі өнер мен қолдағы қаламды Алладан басқа ешкім бермеген соң, соның өзінен басқа ешкім тартып ала алмасы да белгілі ғой. Өнер атаулыны мамандықсыз да дамытуға болады. Жалпы, біз масылдық психологиядан құтылған қойн шын азаттыққа қол жеткіземіз. Ретін тауып қоғам түгіл ешбір адамның алдында иілмей өмір сүргенге не жетсін, шіркін!

Жас qazaq: Мәнді де мазмұнды әңгіменізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Білім

АСХАНАСЫЗ МЕКТЕПТЕ АШ ҚАЛАСЫЗ

(Басы 1-бетте)

Ол «Енді аяқталмаған жұмысты Атырау қаласы әкімдігі өзінің деңгейінде заңдастырып, 2020 жылы іске қосамыз деп отыр» — дейді. Қазіргі уақытта бастауыш сыныптың және мұқтаж отбасылардың балалары үшін қазынадан 2 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. Балалар аш емес. Бірақ жарық, жылы асханала отырып ішетін асты әзірге алты мектептің оқушылары санитариялық талапқа сай емес, шеберханаларда ішіп жүр.

Атырау қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Әлібек Науаров бізге берген сұхбатында: «Қазіргі уақытта асхана мәселесі шешілмей отырған бұл мектептердің барлығы ескі үлгіде тұрғызылған ғимараттар. Бұрын бұл мектептерде шағын буфет үлгісіндегі қызмет көрсету орны болған. Кейін елімізде 1-4 сынып оқушыларын тегін тамақтандыру жүйесі іске қосылған соң, жергілікті билік ескі үлгідегі



мектептерге жапсарлас асхана ғимаратын салу мәселесін қолға алды. Ондағы мақсатымыз — оқушыларға жағдай жасау. Бірақ,

мердігер компанияның жауапсыздығынан құрылыс аяқталмай қалды. Ерекше атап өтерлігі, құрылыс жұмысына бөлінген қаражат толықтай қазынаға қайтарылды. Ал, мердігер компания сот шешімімен жазықсыз деп танылды. Ендігі жерде, Атырау қаласы әкімдігі аяқталмай қалған асханалар құрылысын 2020 жылы аяқтауды жоспарлап жатыр.

Айкөркемнің анасы сол асхана үшін қызын басқа мектепте ауыстырып алғысы келеді. Бірақ ол екі ай ішінде үйренісіп кеткен жана достарын, мұғалімін қимайды. Осылайша, Атырауда №28 мектепте ең азы 175, Тауман Амандосов атындағы мектепте ең көбі 650 оқушы бір күнде аядай бөлмеде қыстырылып-қымтырылып тамақтануға мәжбүр. Кім кінәлі? Жауапсыз компания ма? Әлде жауапсыз компания ұсынған қызмет түрін тиімді деп тапқан тендер талаптары ма?

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,

Атырау

Салық

Алматы тұрғындары арасында жер және мүлік салығын уақтысында төлемеген қалталы азаматтар бар десек, оған көп адамдар сенбеуі мүмкін. Бірақ, өмірде солай болып тұр. Айталық, Медеу ауданы бойынша элиталық үйлер мен пәтерлердің иелері бюджетке 34 миллион теңге қарыз. Хан сарайындай

үйлер мен пәтерлер қаланың қақ ортасында орналасқан. Айталық, Достық даңғылы, Қыз Жібек, Оспанов, Оңдасынов, Горная көшесі, Көктөбе және Таулы қырат шағынаудандарында. Мысалы, Қыз Жібек көшесінде орналасқан коттедж иесінің бірі – бюджетке 1,5 миллион теңге салықтан жалтарып жүрген. Борышкерлер тізімінде бірнеше пәтері бар азаматтар да тұр. Оларға қатысты істің барлығы салықты мәжбүрлеп өндіріп алу үшін сот орындаушыларына жолданған.



ӨКІНІП ЖҮРМЕҢІЗ...



қатысты салық төлеу міндеттемелерінің орындалуына сараптама жасау барысында борышкерлер арасында мемлекеттік орындардың және әскери қызметкерлердің басым екенін анықтады. Олардың жалпы саны – 635 адам. Әсіресе салық төлеуге келгенде полиция және әскери

Биыл 13 тамыздан бастап елімізде жеке тұлғалар үшін салық рақымшылығы басталды. Мұның артықшылығы сол, жекелеген азаматтар заңнамаға сәйкес негізгі қарызын төлеген кезде, өсімпұл алынып тасталады. Мамандар осындай тиімді сәтті әр азамат онтайлы пайдалануы тиістігін айтып отыр.

Қазіргі кезде мәдениет орындары, шоу-бизнес және демалыс пен ойын-сауық орталықтары және басқа да қызмет көрсетуге арналған мекемелерге жаппай тексеру жүргізілуде. Өйткені табысын жасырып қалуға тырысатындар азаймай тұр. Мысалы, Алматыда бір фестивалді ұйымдастыру барысында 20,9 миллион теңге кіріс түскен. Ал мұз алаңында жеке концерт ұйымдастыру кірісі 31,1 миллион теңге болған. Осы екі шарадан ұйымдастырушыға 52 миллион теңге кіріс түссе, жүргізілген тексеруге барысында салық төлеуші табысын 3 миллион теңгеге жуық деп көрсеткен. Яғни 48 миллион теңге кіріс көленкеде қалған. Сондай-ақ «Алматы аренада» жаттығуды ұйымдастырушылар 85 миллион теңге табыс таба тұрып, 2018 жылы қаражат айналымын нөлге теңеген.

Осы секілді салықтан жалтару жағдайлары өзгелерге

сабақ болуы тиіс. Өйткені Алматы қаласы бойынша кіріс департаменті жыл соңына дейін басқа да демалыс пен ойын-сауық ұйымдастырушыларға қатысты тексеруді жалғастырады. Осы төңіректе әңгіме қозғаған департаменттің түсіндіру жұмыстары басқармасының басшысы Айжан Бекеева: «Қалада тамақтандыру орындары және ойын-сауық саласында 6,7 миллиард теңгені құрайтын кірісті жасыру дерегі анықталды. Осы сала басшылары кірісін 2,5 есеге төмендетіп көрсеткен. Бюджет алдындағы міндеттемені орындамағандар және салық төлеуден жалтарғандар заң алдында жауап береді. Айталық, қала бойынша 219 салық төлеушіге шара қолданылып, оның ішінде 34 салық төлеушінің сауда орындары, монша мен сауна, қонақүй кешендеріне бақылау жүргізілуде. Нәтижесінде салық төлеушілердің кірісі 12,1 млрд теңгеге жетті. Ал бұрын бұл көрсеткіш 5,4 млрд теңге болған. Яғни 6,7 млрд теңге жасырын қалған. Талап



қызметкерлер алдыңғы орында тұр. Мәселен, ішкі істер орындарынан – 289 адам жалпы сомасы 5,9 млн теңге салық төлемеген. Әскери бөлімшелердегі 218 маманның қарызы 3 млн теңге, қаржы саласынан 67 азаматтың қарызы 1,6 млн теңгеге жеткен. Салық ережесін бұзғандар қатарында мемлекеттік органдардың – 61, жергілікті әкімшіліктің 35 қызметкері бар.

Департамент өкілдері мүлік, көлік салығын төлеу мерзімі 1 қазанда аяқталатындығын құлаққағыс жасайды. Жыл соңына дейін берешегін өсімақысыз төлеуге болады. Егер азаматтар тиісті салықты уақытында төлемесе, өсімақы төлеуден жалтара алмайды.

Елімізде қайта оналту мүмкіндіктері «Оналту және банкроттық туралы» заңға сай жүргізіліп келеді. Мысалы, 1 қазанға шейін оналтудан 41 кәсіпорын өтті. Олардың салығы 15 млрд 639 млн теңгені құрайды. Қазір алматылықтар үшін ең онтайлысы кез келген салық түрін уақтысында төлеп, қарызға батпау болып тұр.

Жолдасбек ДУНАБАЙ

Жақсының аты өлмейді

Рая... Рачка, Раиса, Раиса Мұхамедиярова... – Мүсірепова...

Ел-жұрт ол кісіні осылай атайтын. Мен ол апайды алғаш кинодан көрдім. Дұрыс-дұрыс...

Иә, сол, «Менің атым – Қожадан» Майқанованың рөлінде... Көрдім де иландым... Жек көрдім... Алайда осыншама көркем «тәтейді» ішімнен жамандыққа кимағам... Кейін «Жаңа фильм» журналының мұқабасынан көрдім. Сосын ол суретті қайшымен киып алып, көпке дейін сөмкемде сақтап жүргем. Бір күні біздің ауылдағы мәдениет сарайына бір топ кино артистерінің суретін іліп қойды. Олар басында беретқасы бар Нұрмұхан Жантөрин, Асанәлі Әшімов, Раиса Мұхамедиярова, т.б. артистердің суреттері болатын. Бота көз, ұзын кірпік, томпақ ерін, акку мойын... Иә, иә, Раиса солай сұлулықтың символы еді. Сонау өткен ғасырдың 60, 70, 80, 90-жылдарына дейін Раиса казак киносының мактанышы болды. Театр сахнасында да көптеген әйел бейнесін сомдады. Әлі есімде, мен Дон Ук

қалды. Бір күні үйден балам Дидар сары ауру (боткин) болды деп естідім. Кетейін десем, сабақ. Кетпейін десем, қолымнан ештеңе келмейді. Әсіресе табылмайтын дәрі. Осындай қиналған сәтте мен режиссер Ұлжан Қолдауоваға телефон шалып бар жағдайды айттым. Мүмкіндік болса, сол дефицит дәріні тауып, Гүлбарамға берші деп жалынғандай болдым. Екі-үш күнде дәрі табылып, кейін баламыз жазылып кетті. Сөйтсем, Ұлжаннан естіген соң, Раиса Мәжитқызы таныстары арқылы әлгі дәріні алғызып, біздің үйге беріп жіберіпті.

Иә, иә, Раиса Мұхамедиярова үлкен жүректі жан еді. Тіпті ол кезде мені дұрыс танымайтын. Кейін жазғы каникулға келгенде бірден әлгі жақсылығы үшін ол кісіге жолығып, рахметімді айттым және өткендегі дәрінің ақшасын қайтарайын дегенімде, ол кісі алмады. Тағы да ұялып, тағы да іштей риза болып, іштей алғысымды айта бердім.

Раиса Мұхамедиярованы алғаш «Қазақфильмге» Шәкен Айманов алып келген. Сол жерде өзінің актерлік жолын бастады. Осыдан 7-8 жыл бұрын мен Балалар мен жасөспірімдер театрында басшы болып тұрғанда, Раиса Мәжитқызы бізге келіп тұратын. Әлі есімде, «Бұлбұлдар түні»

СҰЛУЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ ЕДІ...



қойған Оразхан Бодықовтың «Отырардың күйреуі» спектаклінде Ханшайым рөлі ерекше болды. Ұзын бойлы, үстінде ақ көйлек, басында алтын тәж, қынама қамзол киген патшайым шыға келгенде көрермен елең ете қалатын. Даусы санқ-санқ еткенде әрбір сөзі, әрбір мақамы құлаққа майдай жағушы еді. Әлі есімде, біздер консерваторияның театр факультетінің студенттері кейде ТЮЗ-ға массовкаға шығатынбыз. Өйткені, әрбір шығу – 1 сом болатын. Мен сол кезде Раисаны жақыннан көргем. Бір рет ол кісі өз сахнасын ойнап болды да, қараңғыда гримеркасына беттеген. Ұзын ақ көйлек еден сыпыралы. Қараңғыда ентелеп, «сұлу апайға «сұқтанып» келе жатқанда аяғымдағы етікпен ақ көйлекті басқанымды байқамаған екенмін. Ол кісі жайлап бұрылып мені көрген. Сосын сыбырмен: «Байқасаңшы, айналайын» – деген. Екі бетім ду ете қалды. Сасқанымнан «кешіріңізді» деп, естілер-естілместей айттым. Жүрегім лүпілдеп, сұлу актрисаның аузынан маған арналған «айналайыны» қандай ғажап болатын.

Мен 1980-жылдары «Қазақфильмге» келгенде Раиса Мәжитқызы дубляжда болатын. Ол кез казак киносының, әсіресе дубляж саласының дәуірілеп тұрған шағы-тын. Режиссерлер Майра Әбусейітова, Қуат Әбусейітовтер, Дариға Тінәлина, Фазыл Атушевтер болса, дубляждың корольдары. Мұхтар Бактыгереев, Алтынбек Кенжекөв, Мәкіл Құланбаев, Омархан Қалмырзаев, Әнуар Молдабеков, Фарид Шәріпова және Раиса Мұхамедиярова болатын. 8-март көшесіндегі «Қазақфильмнің» дубляжы ІІІ кабатта орналасқан. Күнде кешке бар қызық сонда көшіп келетін. Өйткені Раиса Мәжитқызы да осында болушы еді. Олар кезек-кезегімен рөлдерін жазды. Ал басқалары карта ойнайды. Топтың ішінде аккудай болып Рая отыратын...

Анда-санда көргенде амандақаным болмаса, басқа таныстығым жоқ-ты. Сосын көп ұзамай мен Мәскеуге оқуға кеттім. Кинорежиссер болсам деген арман алысқа алып кеткен. Ол кезде мен салт оқыдым. Жолдасым мен үлкен ұлым Алматыда

қойылымына шақырғанмын. Спектакльден соң Раиса Мәжитқызы үлкен бота көздері жасқа толып, толқып шықты. Актерлерге рахметін айтып, басты рөлдегі Жанар Макашева мен Мұхит Шынтаевқа қатты риза болды. Біз сол кеште ұзақ отырдық. Раисамен бірге отыру ғанибет болатын. Және сол театрға зор құрметпен қарайтын.

Иә, өмір шырғалан дейміз. Кезінде Ғабен – Ғабит Мүсірепов қайтқан соң Раиса да біраз теперіш көрді. Оны театрдан жұмысқа кешігіп келді деген сылтаумен шығарып жіберді. Жалғыз емес, Қасым Жөкібаевты да театрдан қуған. Кейін Досхан Жолжақсынов театрға директор боп келген соң, екеуін де театрға қайта шақырды. Қасым аға келді, Раиса келген жоқ. Иә, бұл да тектілік болатын.

Раиса тек сұлулықтың символы ғана емес, сонымен бірге ол сол заманның сол кездегі моданын, сәннің үлгісі бола білді. Бүкіл қыз-келіншекке үлгі, ер-азаматтың арманы болған асыл жан болатын. Дауысында ерекше бір әуез, еуропалық-қазаки мақам бар болатын. Бір басында әйел затының сұлулығы да, ақылдылығы да, бекзаттылығы бар еді.

Қайран, Раиса Мәжитқызы! Қазақ қызы қандай дегенде, осындай деп мақтанатын өзін едін. Ғабендей ұлы тұлғаның ұрпағын жалғаған да, Гүлнәр мен Гауһарға да адал ана болдың.

Раиса – Ғабеннің музасы болды. Басқасы басқа, «Қыз Жібек» кинофильмінің сценарийі мен «Ұлпанның» жазылуына себепкер болған да Раиса болатын. Ғабен жайлы айтқанда, бота көзі суланып, күрсініспен, сағынышпен мұңдана айтушы еді. Сағынушы еді.

Раиса, сізді бізден алып кеткен сол ұлы сағыныш, ұлы махаббат шығар деймін қазір..

Рая, Рачка, Раиса Мәжитқызы, бір сөзбен айтқанда, сізбен қоштасқымыз келмейді. Өйткені сұлу жандар өлмейді. Сұлулар жоғарылай түседі. Сіз ешқашан сөнбейтін казак киносының жарық жұлдызы еліңіз, бар болғаны сіз енді тек жоғарыға ұшып кеттіңіз.

Талғат ТЕМЕНОВ,
Қазақстанның Халық артисі

Әуе жолы

FlyArystan: жолаушы легі молайды

FlyArystan бірінші жартыжылдықтағы жұмысын қорытындылады. Компания 6 айдың ішінде ұшақ борттарын 94% жүктеп, сапарлардың 93% уақытында орындаған. Барлық тасымалданған жолаушылар саны 455 мыңнан асқан.

2019 жылдың 1 мамырынан бері отандық лоукостер 600 000 мыңнан астам билетті сатып үлгерді. Олардың арасында желтоқсанның 13-нен бастап орындалатын Нұр-Сұлтан – Мәскеу – Нұр-Сұлтан халықаралық бағытындағы билеттер де бар. Осылайша бірінші жартыжылдық жұмысының қорытындысында 2500 сапар сәтті орындалғанын атап кеткен жөн.

Осы төңіректе пікір білдірген FlyArystan-ның сату және маркетинг бөлімінің директоры Жанар Жайлауова: «FlyArystan-ның ең төменгі тарифі 3 999 теңгеден (10 АҚШ доллары) басталады. Әрбір рейсте орташа есеппен 170 жолаушы сапар шегеді. Олардың 56% (95 жолаушы) ең арзан 4 брондау класының билетін сатып алды. Ал 9% (15 жолаушы) ең қымбат класты брондаған. Қалғаны орташа деңгей билеттер алыпты. FlyArystan нарыққа келгелі көптеген жолаушылар басқа көлік



түрлерінен әуекемеге ауысқаны ерекше қуантады. Осының бәрі сатылған билеттердің 47% құраған 10 000 теңгеге (26 АҚШ доллары) дейінгі билеттердің арқасында пайда болған мүмкіндік», – деді.

Жыл соңына дейін лоукостердің қарқынды түрде дамып келе жатқан

бағдарлар кестесіндегі 10 ішкі бағытқа жаңадан 3 жана рейс қосылады. Осылайша, әуетасымалдаушы парктегі төртінші ұшақпен Нұр-Сұлтаннан Жуковскийге қатынай бастайды. Ал 2020 жылдың соңына дейін компания 10 реактивті Airbus A320 ұшағын пайдаланатын болады. Қарағанды мен Ақтөбедегі жана базалардан рейстерді орындай бастайды. Бұл бағдар кестесін 40 бағытқа дейін кеңейтуге мүмкіндік

береді.

FlyArystan-ның басшылығы Тим Джорданның ойынша, келер жылы Қазақстан әлемде ішкі тасымал нарығын ең қарқынды дамытқан елге айналмақ. «Өткен қазан айының нәтижесімен былтырғы жылдың дәл осы мезгіліндегі нәтижені салыстырғанда

елімізде әуежолаушылар саны 33% өскен. Өсімнің бірден-бір себебі FlyArystan үнемді компаниясының құрылуымен тікелей байланысты. Бұл FlyArystan бюджеттік компаниясына, Эйр Астана компания тобы мен жалпы казакстандықтарға жағымды жаңалық болатыны сөзсіз. Салыстырмалы түрде 2018 жылы әуетасымалы ең қарқынды дамыған, яғни жолаушылар саны 19% өскен ел – Үндістан», – дейді FlyArystan өкілдері.

Анықтама: FlyArystan бюджеттік әуекомпаниясы – Алматы қаласында негізін қалап, Skytrax World Airline Awards бағалауынша, қызмет көрсету сапасы 4 жұлдызға сәйкестендірілген, Орталық Азия мен Үндістандағы ең үздік компания деп танылған. Эйр Астана әуетасымалдаушысының бөлімшесі.

FlyArystan әуефлотының орта жасы – 6 жыл. 180 орны бар 3 Airbus 320-232 ұшақтарынан құралған. 2022 жылға қарай парктегі әуекемелерінің саны 15 жеткізіліп, оларды еліміздің бірнеше ірі қаласына жолға шығару жоспарланып отыр. Аз уақыт бұрын лоукостер бекеті Алматы, Қарағанды мен Ақтөбеде ашылатыны туралы белгілі болған.

FlyArystan баспасөз қызметі

Тұйткіл

(Басы 1-бетте)

— Сонда қайда? — тақтап қоймайды екен аңқау ағаларының жайын білетін інілері.
— Егіндіағашқа, — депті жұмыстан қажыған жаксы аға.
— Ол да осы кеңшардың бөлімшесі ғой, онда да көрген күнің осы, — демеі ме жұрт.
— Қап! — деп санын соғыпты аңқау ағамыз, — қайда барсам да көрген күнім осы екен ғой.
Есенбай әкесінен алысқа сілтеген. Тұп-тура Көкшетауға көшпек. Бір кезде бұл ауылда 120 шанырақ болған. Қазіргі қалғаны қырыққа жуық. Әкесінің аңсары ауған Егіндіағашта 12 ғана түтін бар. Шолақәзекте де сол шамалы. Кеңес заманында кеңшар орталығы болған Дәуқарада 300-ден астам отбасы сыңсып отырушы еді. Ендігі қалғаны елу-алпыстан аспас. Өткен жылдары қырыққа жуық ауыл жабылды. Әне-міне деп отырғандары қаншама.
Ең басты себеп — жұмыстың жоқтығы. Егін егетін шаруашылықтар

шынын айтқанда, ауыл жастарының көбі осындай жақсылықтан бейхабар. Демек, ауылдық округтер мен аудан әкімдіктері жанашырлықпен жұмыс істеп отырған жок. Әйтпесе, біздің ойымызша, ауылдың нағыз қамқоры осы бағдарламалар. Жаңағы жастар бағдарлама арқылы төрт түлік мал алса, туған жерінде қалар еді. Жастар болған соң ауылға демеу болып тұрған жалғыз мектеп жабылмас еді. Мектеп жабылмаса, алтын бесік — ауыл да ешқайда көшпейді. Міне, мемлекет тарапынан ауылға көрсетілетін көмек дiттеген жеріне осылайша жетпей жатыр.

Кешегі кеңес заманында Ақан сері тойының қарсанында Кеңашыға тау-кен комбинаты 22 коттедж салып берді, ал қалған 42 коттеджді ауданның барлық кеңшарлары жұмыла көтерді. Ол кезде коттедж дегеніңіз — кісінің түсіне енбейтін жай болатын. Қияндағы Кеңашы түгіл аудан орталығында, аудан орталығыңыз не, облыс орталығы Көкшетауда да ырымға бір коттедж жоқ еді.

Сол коттедждер әлі тұр. Бастапқы бейнеден сәл-пәл ауытқыған, яғни шатыры мен

болатын. Талай рет барып табалдырығын тоздырдық. Бірақ мәселе шешілмеді. Кейін ауыл қотанындағы ғимараттар тонала бастады.

Қазіргі уақытта бұл ауылда бар болғаны 20 отбасы түтін түтетіп отыр, қалған коттедждер бос. Дәл қазір кіремін дейтін адам болса, ешбір жөнлеусіз есігін ашып, төріне озатын он коттедж тұр. Өзгелерін де жөндеп алуға әбден болады. Ендеше, аудан

Ауылы азып-тозған елді мекен Ақмола облысында да аз емес. Табиғаты тамылжыған бір ғана Зеренді ауданының өзінде жиырмаға жуық ауылдың жұрты ғана жатыр. Зерендіге дейінгі жол тәубе дерлік, сайрап жатыр. Басшылардың жүретін жері ғой. Одан арыға қарға адым қадам баспайды. Қарапайым халықтың жүретін қара жолы қирап бітіпті. Жолдағы Викторовка селосын басып өткеннен кейін жол үстіндегі ойдым-ойдым қазан шұңқырға кезіктік. Түсіп көреміз, дөңғалақты қай жеріне салсақ екен деп. Тура өмірдің өзі төрізді.



ДЕРЕК пен ДӘЙЕК

Солтүстік Қазақстан облысында **500** елді мекен бар. 2018 жылы – **27 ауыл жабылған.**

Болашағы бар елді мекен саны – **200**. Қалғаны болашағы жоқ елді мекендер санатына жатады.

Ақмола облысында **580** елді мекен бар. 2018 жылы – **25 ауыл жабылған.** Болашағы бар елді мекен саны – **290**. Қалғаны болашағы жоқ ауыл санатына жатады.

еңбеккерді көктемде бір айға, күзде бір айға қажет етеді. Содан соң боссын. Онда да тракторшы мен комбайншы кешегі кеңес заманындағыдай аса көп қажет емес. Қазіргінің шетелдік қуатты комбайндары бұрынғы бес-алты комбайнның жұмысын істейді. Демек, бес-алты механизатор өзінен-өзі қысқарып тұр ғой. Белгіленген тәртіп бойынша егін шаруашылығымен айналысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге мал бағу да міндеттеледі. Егін егетін алқабы, мал жаятын жайылымы, мал азығын дайындайтын шабындығы өлшеніп беріледі. Бірақ шаруашылықтар солтүстік өңірде мал бағудың азап екендігін жақсы біледі. Жер туралы заңда егер жерді пайдаланушы қатарынан үш жыл бойы талапты орындамаса, қайтарып алу мүмкіндігі анық көрсетілген. Бірақ шаруашылық

Мектеп осыдан жеті жыл бұрын жиырма миллион теңгеге жөңделген екен. Қазір баланың азығынан жабық тұр. Оны да шешуге болар еді. Іргедегі, бар болғаны үш шақырым жердегі Комаровка селосында білім ошағы жоқ. Ондағы жетпіс бала екі пәтерлі үйде білім алуда. Әуел баста тұрғын үй есебінде салынған ғимаратта спорт залы да жоқ. Осы ауылдың балаларын Ақан сері ауылындағы зәулім мектепте оқытса, білім ошағы қайта жанданып кетпей ме. Әрі ауылдың сақталып қалуына сеп болар еді.

басшылары да оң-солын бажайлай алатын адамдар. Мәселен, бір бас малға сегіз гектар тиесілі болса, өздеріндегі жердің көлемінің 25 пайызына шақталған мал сатып алады. Болды, бітті. Ешкім де кінә таға алмайды. Ауылдың ажарын ашпай отырған келенсіз көріністің бірі осы. Жер босқа жатыр. Енді мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлыққа орай «Сыбаға», «Алтын асық» бағдарламалары аясында ауыл тұрғындары мал алуға ұмтылса, бағатын жер жоқ. Әлгі серіктестіктер бауырларына басып жатыр.

Биыл жастарға тәп-тәуір көмек көрсетілуде. Ол «Жас кәсіпкер» және «Жас проджект» бағдарламалары. Мемлекет тарапынан қайтарымсыз 1 миллион теңге беріледі. Жастар тобындағы екі адамға ай сайын 40 000 теңгеден стипендия тағайындалады. Жұмыс істеймін деп ұмтылған жастарға бұдан артық не керек? Бірақ,

қабырғаларында уақыттың табы аңғарылады. Басқасы бүтін. Ал ауыл қотанындағы зәулім мектеп үйі, сауда үйі, балалар бақшасы, бассейн қанырап бос тұр.

«Әуелі 1993 жылы осы ауылға асфальт жамылғымен қапталған жол тарттық», — дейді Болат Рақымов. — Ал коттедждерді қараңызшы, бір-біріне ұқсамайтын сәулет өнерінің сол кездегі ең үздік үлгілерін пайдалана отырып салған дүниелер және барлығы бір жылу орталығына қосылған. Әрбір үйге орталықтандырылған су жүйесі тартылды.

— Мен осы Ақан сері ауылының тумасымын, — дейді Құрман Нұрсейітов, — заманында ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқардым. Ақан атамыздың өнерін ел қадірледі, құрылысшының қалағынан жаңа ғана шыққан ажарлы ауыл салып берді. Екі жүз оқушыға арналған екі қабатты мектеп. Спорт залы қандай?!. Сол кезде аудан орталығының өзінде болмаған еңселі, сәулетті мәдениет үйі, дүкен, монша, ауылдың барша ғимаратын жылумен қамтитын қазандық бар еді. Жаңа ауылда жұмыс та өрістеді. Мың жарымға жуық ірі кара мал бактык, 1500 гектар

басшылары Ақан сері ауылының болашағын ойлап, онтүстіктен солтүстікке көшіп-қонған ағайынға дәл емес пе?..

Мектеп осыдан жеті жыл бұрын жиырма миллион теңгеге жөңделген екен. Қазір баланың азығынан жабық тұр. Оны да шешуге болар еді. Іргедегі, бар болғаны үш шақырым жердегі Комаровка селосында білім ошағы жоқ. Ондағы жетпіс бала екі пәтерлі үйде білім алуда. Әуел баста тұрғын үй есебінде салынған

байыбына барған адамға тұнып тұрған тарих қой», — дейді Рамазан Тілеуов. Жол үстіндегі Алаштың ардақты перзентінің бірі әз Бөгенбайдың мазарына соқтық. Жапан даланы күңіретіп құран оқылды.

«Арыдағы Абылай заманының бергі тарихты түре келсең, кейінгі ұрпақ үшін мәңгілік өнеге болатын тұлғалар аз емес», — дейді экономика ғылымдарының докторы Қасымхан Құсайынов, — соңғы уақытта қолыма қалам алып жазып жатырмын. Бекше би туралы індетіп іздедім. Апырмай сұрапыл соқпақ. Рас, ел жадынан өшкен, там-тұм ғана. Жоғалуға жакын, таусылуға таяу.

Күзгі даланың сәл сұрғылт абылай опат болған, — дейді Рамазан аға, — соғыстан соңғы жылдардың зілмауыр салмағынан ауыл адамдарының қабырғасы қайысса да, туған жерін тастап төрт құбыланы бетке алып тентіреп кетпеген еді. Міне, көрдіңіз бе, жетпіс үй болған Жанатұғанда жалғыз-ақ үй қалыпты. Жапандағы жалғыз үй.

Бурабай ауданына қарайтын, табиғаты тамылжыған ғажайып өлкеде іргесі сөгіліп, тарап кеткен ауыл аз емес екен. Санап көрелік. Алаштың сан айтулы перзенті дүниеге келген Крупская ауылы. Аты марқұм «әжемізін» есімімен аталса да, кілең қазақ тұрған елді мекен. Қазір жұрты ғана жатыр. Құстың ұясындай жылылық есіп тұратын 70 үйлі Ұялы ауылында жеті-ақ үй қалған. Бурабай ауданының осы бір шекарасы Зеренді ауданымен шектеседі. Зеренді ауданына қарасты Актас ауылы қазір жоқ. Алпыс үйлі Қызылқайнарға барсаңыз, қазір орнын сипап қаласыз. Түтін түтетіп отырған бір шанырақ қалмаған. Осы өңірдегі ең ірі елді мекеннің бірі — Костомарды да өтпелі кезеңнің өкпек желі шамырканта соғып, талай үйінің шаңырағын шайқаған. Қара ормандай қалың 200 үйді елді мекеннен қалғаны елуге жете ме, жетпей ме. Ынтымақ бірлігі мол Қарашіліктің жүз үйінен он шақты шанырақ қалыпты. Заречный поселкесі түп орнымен үдере көшкен. XVII партсъезд атындағы сексен үйлі елді мекеннің сұлбасы ғана жатыр.

Біздіңше, алдыра қалған ауылдарды сақтап қалудың жалғыз жолы — тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету. Табысы жоқ жерде кім тұрмақ? Елді ауылдан көшірген жоқшылықтың екпіні мен тепкіні.

Біздіңше, алдыра қалған ауылдарды сақтап қалудың жалғыз жолы — тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету. Табысы жоқ жерде кім тұрмақ? Елді ауылдан көшірген жоқшылықтың екпіні мен тепкіні.

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Шығыс Қазақстан облысында да бірқатар ауылдар картадан сызылып қалды. Атап айтсақ, Күршім ауданында Ақбұлақ ауылдық округіндегі Алтай, Күршім ауылдық округіндегі Діңгек, Марқакөл ауылдық округіндегі Тентек елде мекендері біріктірілді. Сонымен қатар, Қалғұмы ауылдық округіндегі Жылатау ауылы ендігі жерде Қаратоғай ауылына қарайтын болды. Құйған ауылдық округіндегі Қарабұлақ ауылы Қайнар ауылының құрамына енді. Ұлан ауданында Бозанбай ауылдық округіндегі Ақжартаст және Қызылсу ауылдары қосылды. Ал Көкпекті ауданында Биғаш селолық округіне қарасты Космопол ауылы Егінбұлақ құрамында қалды. Ауахад селолық округіне қарасты Кіші Бөкен Койгелді Үкілі қыз ауылына қарайтын болды. Сондай-ақ, Шемонаиха ауданындағы Октябрь ауылдық округіне қарасты Садовое ауылы да таратылды.





TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Өмірдің өзінен...

(Басы
1-bетте)

Мен кейіпкерімізбен «скандинавиялық жүріс» (*скандинавская ходьба*) спортының халықаралық марафонында таныстым. Мінезі ашық-жарқын, өмірге құштар келіншекті 1-топтағы мүмкіндігі шектеулі жан дегенге алғашқыда сенбедім. Таныса келе Захра Әнуарқызының «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада» жұмыс істейтінін, республикалық дойбы жарысының жеңімпазы. Сонымен қатар йога, велоспорт секілді басқа да спорт түріне белсенді қатысушы екенін білдім.

Журналист болған соң ерекше жандардың өмірімен танысқанды, тілдескенді жанымыз сүйеді. Захра Әнуарқызымен жүздесу де көптен бері көңілде жүрген еді. Сәті түсіп жақында қоңырау шалдым. Сұхбаттасуға келіскен соң, өзі айтқан жеріне бардым. Ол кісі маған үнемі айналасына нұр шашып тұратын сияқты көрінеді. Бұл жолы да күлімдей қарсы алып, бірден әңгімесін бастап кетті. Ол



емес деп бой бермеймін. Сөйтсем, менің үйде өсіріп жүрген гүлім дәл осы лилия екен. Оны да көзім ашылған соң таныдым. Ілуді тұрған сағаттың сандарын, айналадағы кез келген затты, ою-өрнектің барлығын көріп, қуанғаннан көзіме жас алдым. Сосын әпкемнен «мына үйлердің барлығы жаңадан салынған ба?» — деп сұрап қоямын. Сөйтсем, бәрі ескі үй екен, тек мен анық көрмегеннен кейін байқамаппын. Көзім ашылғанда олар маған жап-жана болып көрінді. Екі ай өткеннен кейін екінші көзіме

ота жасатуға бел будым. Алаға шүкір, екінші көзіме де ота сәтті жасалды. Адам зағип кезде кабак та төмен түсіп, көру мүмкіндігі азая береді екен. Осылайша жұмысқа да орналастым. 2011 жылы Павлодарда өткен дойбы жарысында бірінші орын алғанмын. Ол кезде командалық жарыс. Егер команда аз ұпай жинаса, спорттық дәреже де көтерілмейді. Сондықтан қазірге дейін спорт шеберлігіне кандидат деген атағым бар. Жұмысқа араласқаннан кейін дойбыға көп бет бұра алмай, негізгі уақытымның барлығы жұмысқа бөлінді. Келе келе Алматыдағы дойбы федерациясына барып жүрдім. Қазір федерация Нұр-Сұлтанда орналасқан. Басқа қалаларда филиалдары бар. Мен Алматы қаласындағы филиал төрайымы болып сайландым. Екі жылдан бері осы қызметтемін», — деді әңгіме әсерінен арыла алмай.

Қазір кейіпкерім кітапхана директорының кеңесшісі. Ерен еңбегі оны тек биіктерге қарай жетелеп келеді. Сонымен қатар федерациядағы қосымша жұмысын да жемісті атқаруда. Қазіргі таңда республикалық турнир ұйымдастырып, оны кітапхана жоспарына енгізген. Кейіпкерімнен салауатты өмір салтын ұстануға қалай уақыт табатынын сұрағанымда, ол: «Оқушы кезімде белсенді болатынмын. Аурудың кесірінен көп нәрседен шектелдім. Қазір сол белсенділігім оянып жатса керек. Үйде отырып қалған сәтте бос жүрмеу үшін қай жерде не барын іздейтінмін. Зағиптар қатысатын қосымша курстарға қатысамын, хор, жеке дайындайтын вокал тобы бар, оған да баратынмын. Үш жылдай йогамен айналыстым. Жұмыстың күрделілігіне орай йогаға уақыт таппай кеттім. Жақында жалғастырамын. Адам шын жүрегімен қаласа, әр істі бастауға сенім мен ниеті болса, жаны қаласа, уақытты үнемді пайдалануға әбден болады. Йогадан кейін велоспортқа ауысқаным да бар. Кітапханада бірге жұмыс істейтін әріптестерімнің барлығы спортқа жақын екенімді біледі. Жұмыста Кенже дейтін әріптесім бар еді, зағип жан. Бірде соның келіншегі өтініш айттыпты. Олар велоспортқа команда жинап жатыр екен. 2016 жылы велосипедпен Астанаға барып келді. Енді



Ыстықкөлге баратын команда жинамақшы болыпты. Осылайша, велоспортпен шұғылданатындардың командасына еніп, олармен көрші елге барып келдім. Барғаныма еш өкінбеймін. Тіпті жаттығу кезінде кішігірім жараланып қалсам да бой бермедім. 2017 жылы 517 шақырымды бағындырдық. Тіпті өзен маңында палаткаға қонған кездер болды.

Мен үйде отыра алмайтын адаммын. Велоспортпен шұғылданатын «Спорт без границ» командасындағылар өте белсенді адамдар. Олар марафондардың барлығына қатысуға тырысады. Солардан қалмаймын. Барлық спорттық шараларға қатысамын. Алдағы уақытта Жапонияға баруға дайындалып жатырмыз», — деп әңгімесін аяқтады.

Захра Әнуарқызы әр уақыт үнемдеу арқылы бөріне үлгеріп жүр. Зағип жандарға көмектесуге әрдайым дайын тұрады. Өмірдің қиындығы мен тағдырдың жазуына қарсы тұрып, оны жеңген анадан үлгі алу керек-ақ.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Журналист кейіпкер кейпінде

Әрине, адамдар бір-бірімен әңгімелеспей тұрмайды. Олардың қозғайтын тақырыбы да әртүрлі. Тіпті өздерінше айтатын құпия сырлары да болады. Қойшы әйтеуір, «жүре берсең, көре бересің» деген осындайда айтылса керек-ті. Осы жолы көлікке мінетін жолаушыларға мылқау кейіп танытуды дұрыс көрдім. Ең алдымен бейтаныс жандардың баратын жерін жазып беруге арналған блокнот пен қаламсап дайындап алдым. Сонымен, Алматы көшелерін аралауға шықтымы...

БІРІНШІ ЖОЛАУШЫ

Абылай хан мен Құрманғазы көшесінің қиылысында қол көтерген қос келіншектің бірі жылы амандасып, «Кенжешан» базарына баратындығын мен ұсынған қағазға жазып берді. Жолкіреге 800 теңге бермекші болды. Өтірік аузымды жыбырлатып, бұл азық ететінін ымдап көрсеттім. Жанында тұрған қайыстай қара келіншектің жүйкесі сыр берді:

— Құралай, қойшы соны.

Мыңқылдап жүре берсін! Басқа көлікке мінеміз, — деді.

Екінші келіншек те қарап қалмады:

— О, сорлы, өле алмай жүріп 800 теңгені азсынып тұр. Кетші бар! — деді.

Қарап отырып жаман сөз естігенім ыңғайсыз болды. Бірақ



үндемедім. Өтірік жымиып, қолыммен ымдап шақырдым да блокнотқа «Өте сұлу екенсіңдер!» деп жазып бердім. Құралай жазуымды оқыды да мырс етті. Не дегенімді білігісі келді ме, құрбысы да жақындап, «не деп тұр?» дегендей ақ қағазқа үнілді.

— Әйелі жок бейшара шығар, — деді Құралай.

— Әй, қайдам, бұл қу қыз-келіншекке қырғидай тиетін секілді ғой... Екіншісі маған үніле қарады да: «Түрің бар болсын, кетші бар!» — деді қолын сілтеп.

«Кет дегенде, ит те кетеді» демекші, амалсыз орнымнан қозғалдым. Не күлерімді, не жыларымыды білмедім. Күлкілі кейіпкерге айналған өзіме обал жоқ. Бір сілкініп, сау қалпыма түскім келді. Бір-ақ тағы бір-екі кісіні сынап көрейін дедім.

ЕКІНШІ ЖОЛАУШЫ

«Занғар» сауда үйінің маңынан қыз бен жігіт қол көтерді. Токтай қалдым. Жүздері бал-бұл жанып тұр. Қандай бақытты жастар. Терезеден ішке еніп кетердей бас сұққан жігіт Розыбакиев көшесіндегі сауда орталығына баратындығын айтып, жолкіреге 1000 теңге ұсынды. Беретін ақшасын айтқанда мылқау екенімді ұмытып қала жаздадым. Сонда да сыр бермей қағаз бен қалам ұсындым. «Розабакиева Аль-Параби» деп жазып берді. Басымды изедім. Олар артқа есіктен орындыққа суға сүнгінгендей мінді. Көзім — жолда, құлағым — жастарда. Зулап келемін...

— Жаным, сені шын сүйемін ғой. Бақытты болуың үшін бәрін жасаймын, — дейді жігіт. — Көреміз, көп сөйлемей маған айтқан көйлегімді әперші? Қымбат болса, айнып кет пе, жарай ма?

— Жарайды. Бірақ сен тым қымбатын алма? — Мылқау жүргізушінің көлігіне бірінші рет мініп отырмын. Екеуіміздің айтқанымызды естімейді, жақсы болды, ә? — қыз сықылықтап күлді.

— Қой, олай айтпа? Обал болады! — деген жігіт өзі көрген оқиғаны бастап кетті. — Біздің бір туысымыз бар еді, соның бойжеткен қызына бір мылқау жігіт қырындап жүретін. Ұзын бойлы, әдемі жігіт. Қыз да ұнатса керек. Құда түсіп келіп еді, туысымыз болашақ құдаларын үйден қуып шықты. «Мылқауға қыз беріп, ағайынға маскара болатын жағдаймыз жоқ» депті. Анам сонда жағасын ұстап, туыстарымыздың әрекетін күпіршілік деп отыратын. Мен де мылқау болғанда тұрмысқа шығар ма едің?

— Құдай сақтасын! Ой, кешір, сен ондай емессің ғой... қыз ұялғандай болды.

— Ал сен мылқау қыз болсаң да үйленер едім...

Ол екеуінің әрі қарайғы әңгімесі басқа арнаға бұрылды. Бірін-бірі жана көргендей құшақтасып алған екі жас тиісті жерге жеткенше әр әңгіменің басын бір шалды. Түсіп бара жатып: «Рахмет» деді. Содан соң қызға қарап: «Мылқау екенін ұмытып кетіппін ғой... Бәрібір естімейді», — деп ыржалақтады.

ҮШІНШІ ЖОЛАУШЫ

Токтаған жерімнен қол көтерген орыс жігіті «Спутник» сауда орталығына дейін 500 теңге ұсынды. Отырғызып алдым. Жол-жөнекей қалта телефонымен әлдекімдермен әңгімені жіберді кеп... Қазакшасы былай:

— Ресейлік компаниялармен келістім. Олар бұл жактан тауарды қалай да арзан алындар деп

жатыр. Болмаса, сөйлесетін, келісетін адамдар бар дейді. Бізге тиімді болуы керек. Өткен айда былайша дұрыс болғанымен, өте жақсы табыс таба алмадық. Бізге жүгіру керек...

Арғы жактағы азамат «Таксиде отырсың ба? Құпиямызды ешкім естіп қоймасын» деді ғой шамасы әлгі жігіт:

— Қорықпа! Такси жүргізушісі мылқау екен, менің бакытыма қарай, — деп қаркылдап күліп алды.

Әңгіме не туралы екенін жақсы түсіне алмасам да, сауданың сонында сабылып жүрген қу екенін бірден байқалдым. Қазақстанды майшелпекке айналдырған мұндай кәсіпкер көп. Ама! канша, осындай әңгімені керісінше, казак жігіттерінің аузынан естіп жатсақ, керемет болар ма еді?!

ТӨРТІНШІ ЖОЛАУШЫ

«Спутниктің» алдынан екі бала ерткен егде әйел мінді. Ол параққа «көкбазар» деп жазыпты. 500 теңге аздау болса да жанындағы балалардың мылқаулар туралы не ойлайтындығын білгім келді.

— Апа, мына кісі сонда түк естімей ме? — деді шамамен 6-7 жастағы бала.

— Естімейтін болып тұр ғой. — Сонда балаларымен қалай сөйлеседі? — Қолымен көрсетіп сөйлесетін шығар... Әңгімеге екінші бала араласты: — Апа, біздің үй жактан бір әйел мен ер кісі ылғи қолдарын қимылдатып сөйлеседі. Олар да мылқау. Жаным ашиды. Балаларына түсіну қиын шығар...

— Иә, балапандарым, адамның басына ауыртпалық түспесін. Көріндер ме? Мылқау болса да нанын адал тауып жеп жүр. Ұрлық-қарлық жасамайды. Өзімен-өзі...

Құдай-ау, көзіме ыстық жас келді. Қайдан ғана мылқау бола қалып едім. Әншейінде зарлап жүретін жағым да қарысып қалғандай. Бірдене десем бе екен? Жоқ болмайды. Осындай шешімге келдім. Бірдене айтсам, ана балалардың алдында өтірікші, алаяқ болып қаламын.

Зымырап көкбазарға келдік. Көліктер түсіп жатқан балалар маған қайта-қайта жалтақтап «Рахмет сізге» деді бірін-бірі қайталап. Қол бұлғап кете бердім.

БЕСІНШІ ЖОЛАУШЫ

Макатаев пен Қонаев көшелерінің қиылысына таман екі келіншек қол көтерді. Жүк сөмкелері бар. Қалаға келген қонақтар екені бірден байқалады. Мен ұсынған дәптерге «1 ж/д вокзал» деп жазып берді. Бас изедім. Жүктерін көлік артына салып, Назарбаев

көшесімен төмен түсуге бет алдық.

— Мына мылқау дұрыс түсінді ме, басқа жакқа кетіп қалып жүрмесін? — алтын тісті әйел сәл жымғандай болды.

— Мұндай кісілер ұқыпты келеді. Таксилетіп жүрген соң бәрін біледі ғой.

— Өзі бір уыс шал екен. Біздің ауылдағы Несібелі деген жесір әйелдің жанына отырғызып қойса, керемет жұп болғалы тұр. Алтын тісті арудың күлкісі өте жағымсыз естілді.

— Үй-жайы, әйелі бар ма екен бұл кісінің? Саусағында сақина жоқ қой. Құдай-ау, сөйлесуге де мүмкіндік жоқ. Қазір еркектердің көбі сақина тақпайды...

Сыпайылау келіншек:

— Кайтесің? Мазасын алма. Бұл кісі қолымен қимыл-әрекетті көрсете алмайды екен. Өтірік мылқау болып келе жатқандай көрінеді. Тыңдап, түсініп отырса ше? —

Биғайша деген толықтауы маған бір қырымнан анықтай қарады. Үндемедім. — Жас секілді...

— Қой, біразға келген кісі ғой. Алпыс па? Алпыс демекші, бір анекдот айтайын ба?

— Айтың? — Алпысқа келген біреу айтыпты: «Алпыс деген оңбаған жас. Қырындайын десең, көрі секілдісін. Әлейін десең, жас секілдісің».

— Ой, мені өткенде бір тойда асаба айтқан әзіл өлтірді ғой.

— Не деді?

— Отызға келген қызға біреу «неге тұрмысқа шықпайсың?» депті. Сонда әлгі «Мен біреудің үйіне қонсам ұйықтап алмаймын» деген екен. Әй, екеуінің күлкісін-ай. Бір күлгендері бір миллион теңгеге татиды. Әзілдерін әзілмен қатырайын дедім де, өзімді өзім сабырға шақырдым. Содан олардың әңгімесі «сетевой маркетингке» кетіп қалды да, мен күйіп кеткен лаппа секілді отырып қалдым.

Теміржол бекетінде түсіп қалған екеудің қайда бара жатқанын да сұрай алмадым. Бірақ әрін жоғалтпағандары бірден байқалады. «Қырыққа дейін әйел әрін бермесе — қасиет, қырыққа келген жігіттің есі кірмесе — қасірет» демекші, олар қасиетін жоғалтпапты.

Содан 2700 теңгені қалтаға салып, мылқаудың рөлін мүлтіксіз орындаған секілді болдым. Алайда олардың мұны бөлек екенін айқын аңғардым. Құдай бала салмасын, олардың бойында кездесетін ерекше қасиеттердің бірі де менде болмауы мүмкін. Мәселен, ыммен сөйлесетін дағдыларының бірін де білмейді екенмін. Осыған дейін мен мылқау етікшіні, суретшіні көрдім. Өкінішке қарай, осы екі кәсіп те маған дарымапты. Алла тағала менің қолыма қалам ұстатыпты. Сол өнермен күн көріп, нанымды тауып жеп жүрмін. Шүкір!

Вокзал маңында алтын тісін жарқыратып тәжік әйелі келді. «Садака берін»... Сенен аяған садаканы ит жесін. Қолына 200 теңге ұстаттым. «Өзін бір әдемі келіншек екенсің!». Менің сөзім жанына майдай жаққандай, алғысын айтып, қолындағы адыраспандай бықсытып кете барды.

Тіліме жан бітті. Сейфуллин көшесімен орталыққа бет алдым. Маған ұзақ уақыт үнсіз жүруге болмайтын секілді. Шынымды айтсам, тұйықтық жараспайды екен. Екі-үш сағаттың айналысында шын мылқау боп қала жаздадым....

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Ер есімі – ел есінде

«Ерте, ерте, ертеде» сөздерімен басталатын жанрды әдебиеттануда – ертегі, ғылымда – тарих деп айдарлайды. Ғылымның саласы көп, алайда солардың бәрінің миссиясы, көздегені ортақ. Біріншіден, жаңалық ашу, екіншіден, ақиқатты айту. Нағыз жаңалық ашып, бұлтартпас ақиқатты алға тартқан ғылым аш халықты тоқ қылатынын, қу тақырдағы мемлекетті ұшпаққа шығаратынын көзбен көріп, құлақпен естіп отырған жайымыз бар.

Ерте, ерте, ертеден бір сәтке тоқтамаған арпалыс пен бәсекеде қазақ ғылымы шындалды. Аспан әлемі, табиғат құбылысы, жануарлар дүниесі, кара есеп, наукасты емлеу, жер бедері жайлы теориялық-практикалық ой қазынасында білім-ғылым десте-дестесімен жиналған. Неолиттен XV ғасырға дейін бірінен соң бірі саф алтындай жарқыраған жеті қыр қоғам мүшелерінің ақылы мен қолынан не келетінін әлемге паш етті. Ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетпей, бізге Атамекен болған Ұлы даламыз, асты-үстіндегі байлық бабаларымыздың кемел ақылына қайраты, бет қаратпас қайратына халқым деп соккан ыстық жүрегі сай болғанын күдік-күмәнсіз айғақтап тұр. Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген анның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті» деген бірауыз сөзінен артта қалған ғасырлар интеллектуалды ізденіске, сынақ пен сын-қатерге толы болғанын ұққанымыз жөн. Сактардың соғыс өнері мен аң стилінен, Қорқыт Ата мен әл Фарабидің әлемге мәшһүр мұрасынан, қыпшақтардың дана сөзі мен бай тілінен, ұлық ұлыстың заңды мұрагері Қазақ хандығы екі ғасыр ішінде жер аумағы бойынша 100 есе, халық саны жағынан 10 есе өскенінен азаттық құдіреті аксиомадай менмұндалайды.

Демек, Жабай Қазыбекұлы (1728-1810) Сыр бойында дүние есігін ашқан, XVIII ғасыр қазақ үшін жана серпіліс пен өрлеу ғасыры болуы керек еді. XVIII ғасыр – ұлы тұлғалар мен идеялар ғасыры. Іргелес Ресейде Ғылым академиясы, университеттер шаңырақ көтерсе, Францияда көптомдық «Энциклопедия» жарық көрді. 1770 жылы 23 университет жұмыс істеп тұрды. Германияда олардың саны 40-қа жетіпті. Мемлекет, құқық, еркіндік мәселелері қоғамдық сана мен ғылымның өзекті тақырыптары қатарына кірді. Ресей мемлекетін өрге сүйреген Петр I, орыс ғылымын өркендеткен М.Ломоносов, Францияның бағы мен сорына

ар-ожданына дақ түсірмей өткендіктен, мәртебесі мен мансабы биік сатыға көтерілді.

Осы арада ақ тулы Жабайдың тоқсаба, датқа атағы жайлы өз ойымызды айта кеткенді жөн санадық. Көп адам тоқсаба атағын Қоқан билігімен байланыстырады. Дұрысы Алтын Орда, одан да ілгерідегі Жошы ұлысы заманымен байланыстыру шығар. Жабайға тоқсаба атағын хан Абылай берген деп жобалаймыз. Қокандықтар Абылайдың көзі



АҚ ТҮЛЫ ЖАБАЙ БАТЫР

айналған Наполеон, АҚШ-тың тұңғыш президенті Джордж Вашингтон, ағартушылықтың негізін қалаушы Вольтер осы ғасыр перзенттері. Жаратылыстану ғылымындағы жаңалықтар эволюциялық идеяның, механика мен математикадағы іргелі табыстар өнеркәсіптік төңкерістің өмірге келуін тездетті.

Бәрі салыстырумен танылады. Тағдырдың жазуымен Еуропа мен Америка күн сайын күш жинап жатқан ғасырда Ұлы дала екі апатқа ұшырады: бірі – «Ақтабан шұбырынды», екіншісі – Ресейдің боданы болуы.

Қытай тарапынан тап осындай сынаққа тап болған жоңғар мемлекеті XVIII ғасырда жойылды, халқы қынадай қырылды, жері таланды, тарихы тоқтады.

Сонда қазақты қандай құдірет сақтап қалған? Қысқасынан қайырсақ, ол – ғасырлар бойы бабаларымыз түзген геосаяси, мәдени, интеллектуалды, материалдық, т.б. әлеует. Ол – Абылай, Бұқар, Төле, Қазыбек, Қабанбай, Наурызбай, Жабай тәрізді бәсекелік қабілеті аса жоғары тұлғалардың тарих сахнасына көтеріліп, елге ие бола алғаны. Ол – жауды түрлі тәсілмен, маневрмен титықтатуға мүмкіндік туғызумен ұлан-ғайыр Ұлы даланың халыққа, мемлекетке, тарихқа тірек миссиясын атқарғаны.

Мазмұны мен тағдыр анықтағыш оқиғалары тұрғысынан алғанда, XVIII ғасыр қазақ тарихындағы батырлар заманы. Тағдыры қылыш үстінде қылпылдаған сәтте жауының бетін қайтаратын ұл-қызы бар халық – бақытты халық, болашағы бар халық. Қанды майдан жорықтар үстінде дүниеге келген Жабай Бұланты мен Анырақай шайқастарына қатыспаса да, 30-жылдары Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Абылай жүргізген қазақ-орыс келіссөздеріне араласпаса да, ел мен жер, тіл мен тарих бар болумен немесе жоқ болумен бетпе-бет келгенін айна-қатесіз түсініп өсті. Соғыс өкпелген қайғы-қасіретке шыдамай, тасжүрек, жалтақ, кембағал болып кететіндер бар. Шыққан тегінің ірілігі – сіргелілер орта ғасырда ұлттық тарихымызда айтулы рөл атқарған, ата-анасының тектілігі – әкесі Қазыбек, шешесі Қырбас өз заманының танымал кісілері болған – Жабайды қатардағы көптің бірі санатында қалдырмады. Ауызша тарихтың айтуынша, баланың бойында жарқын жасампаздық жатқанын Төле би де, Қоқан билеушісі де тани алыпты. 20 жасқа толар-толмастан, яғни XVIII ғасырдың ортасы шамасынан жоңғармен, қытаймен, қырғызбен, Қоканмен болған

Жабай батырдың кісесі



шайқастардың, халықаралық, мемлекетаралық қатынастар мен келіссөздердің ортасында жүріп, тума таланттымен батырлық, қолбасшылық, мәмлегерлік, саясаткерлік, көрегендік сынды әлеуметтік-кәсіби кемелдіктің шыңына көтерілді. Сіргелінің біреу білсе, біреу білмейтін перзенті ұлтының қамал-қорғанына айналды.

Заңғар бейнесін XVIII ғасыр ділмарлары Тәткіара мен Қожаберген жыраулар сомдағанынан, Төле биден бата, Абылай ханнан ақ ту алғанынан, XIX ғасырда Сүйінбай мен Майлықожа ұлықтағанынан, XX ғасырда І.Есенберлиннің шығармасындағы кейіпкерге айналғанынан, XXI ғасырда 5 томдық «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның 3-томында есімі айрықша аталғанынан көріп, сонау 20-жылдары М.Әуезов айдарлаған ұлы батырлар шоғырына кіргенін ұғынамыз.

Сын сағатында сыр бермеген қасиет – нағыз асыл қасиет. Мұнсыз Жабай баяны ғасырдан-ғасырға жалғаспас еді, ұлттық кодымыз тарихи тамырынан нәр де алмас еді. Ал ер жігіттің сынлатын үш сәті бар: 1. Байлық келгенде. 2. Білікке, атаққа қолы жеткенде. 3. Басына күн туғанда. Үшеуінен де есіміне,

тірісінде онтүстік өңірге ара-тұра шабуыл жасағанымен үстемдігін құра алған жоқ.

Қоқан хандығындағы тоқсаба қарамағында 500 адамы әрі туы бар әскери-әкімшілік қызмет иесі. Жылдық еңбекақысы да болар-болмас қана. Егер аталық жылына 5000 теңге, датқа одан 2,5 есе кем алса, тоқсаба 4 есе кем айлық алыпты. Оған 1000 тақиядай ғана бидай келеді екен. Марқұм Т.Бейсембиевтің мәліметі бойынша, әскери шені подполковник дәрежесінде. Ал ақ тулы Жабай берісі – армия, әрісі – майдан қолбасшысы ғой, яғни Абылай заманындағы, бейнелеп айтсақ, тоқсаба генерал шенінен төмен болмауы керек. Ендеше, 1770 жылғы «Жайыл қырғыны» тұсында, профессор Ахмет Токтабай жазғандай, Жабай кемінде мыңбасы болған. Ең дұрысы - өзбек профессоры Қаһрамон Раджабовтың байлам-тұжырымы: «...тоқсаба сөзінің мағынасы онтүстік казактарының қолдануында сарбаздардың сарлары деген ұғымды білдірген». Бұл – бір.

Екіншіден, Қоканның онтүстікті отарлауы XVIII ғасырда емес, Жабай батыр дүниеден өткен соң қарқын алды. Оған дейін династия аралық ішкі саяси тартыс-таластан сыртқы саясатта айтарлықтай табысқа жете алмады. Қоқан мемлекетінің орталықтануы аяқталып, барынша күшейген тұсы Әлім хан билеген 1799-1811 жылдар. Бұған қоса, Абылай хан орнатқан тәртіп бойынша XVIII ғасырдың аяғына дейін төрт бөліктен тұратын Ташкентті қазақ тайпалары биледі. Сіргелі, ысты, ошақтыларға Шейхантауір қарайтын. Сөмекке ханның ұрпағы Тоқай төре билеген Түркістан қаласының коқандықтар қолына ұзақ мерзімге өткені 1816 жыл. Сәл ертеректе – 1814 жылы Абылай ханның ұлы Әділ төре Қоқан билеушісі Омар ханның қабылдауында болып, жана саяси ахуалды мойындаған еді. Мұның бәрі Қоқан тарихнамасында тәп-тәуір көрініс тапқан. Демек, XIX ғасыр басына қарай Жабайдың датқа қызметінде отыруы еш мүмкін емес. Мәселенің екінші қыры бар. Сол замандағы ұғымда «датқа» сөзі әділдікті орнатушы дегенді де білдірген. Мүмкін «Жабай датқа» сөз тіркесі бабаның әділет жағында болғанын мензеп тұрған шығар. Жалпы, отарлаушылар берген атак-дәрежені, мансап-марапатты жойдасыз ұлықтамаған жөн. Батыр да бөтен елдің атак-шеніне зәру емес еді.

Ақ тулы батырдың өмір жолын саралаған жазбаша, ауызша тарихнама да ақтаңдақтардан кенде емес. Бір автор қонырат тайпасынан, екіншісі керей тайпасынан шыққанын дәйектесе, сүйегі Сырда жатқанын да жазушылар бар. Жарияланымдардағы кереғарлықтардың бірсыдырғысы - бабаның Төле биге, Әйтеке биге, Елшібек батырға, отбасына, ұрпақтарына қатысты негізсіз пайымдар - Н.Қапалбекұлының құрастыруымен жақында ғана жарық көрген «Ақ тулы сіргелі Жабай батыр» ғылыми-танымдық зерттеулер кітабында түсіністікпен сыналған. Әрқайсы болашақ зерттеушілердің қаперінде жүргені абзал.

«Батыр» дегеніміз – тұлғаның соғыстағы ерлігіне қарай берілетін атак. Батырдың да батыры бар. Бойындағы бес қарудың хас шебері ретінде қарсы келген дұшпанын жеңген батыр мен әскери тактиканы, стратегияны, соғыс өнерін заманына сай қолданумен орасан зор шайқастағы жеңісімен батыр атанған қолбасшының арасындағы айырмашылық жер мен көктей емес пе! Міне, осы тұрғыдан келгенде, XVIII ғасыр емес, VIII ғасырдан жеткен Орхон-Енисей жазба деректерін оқи отырып, арғы бабаларымыз стратегиялық шабуыл мен қорғаныс, әскерді материалдық-техникалық, азық-түліктік жабдықтау, дұшпанды тұтқиылдан басу, қоршап алу, қашқан жауды қуа жүріп талқандау, әскери барлауды ұйымдастыру, майдан мен тылдың бірлігін қамтамасыз ету, әскери мамандары даярлау, тәрбиелеу, тиімді пайдалану тәрізді күрделі

мәселелерде уақыт үлесінен шыға алғанын байқаймыз. Он ғасыр аз уақыт емес. Әскери ақыл-ой, қару-жарак, дұшпанды зерттеу – бәрі өзгерді ғой. Ғалымдарымыз соғыс теориясы мен практикасына енген жаңалықтарды және өзгерістерді тереңінен ашатын уақыт келді. Мұнсыз XVIII ғасырда соғыстың тағдыры жекпе-жекпен шешілді дегендей қате көзқарас қалыптасуы бек мүмкін. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз

бекер айтылмаса керек. Қысқасы, әйгілі бабаның соғыс ісіндегі интеллектуалды тарихын кемелдікпен зерделеу батыртанудың басты шарты деп түсінемін.

Ел арасында Жабай бабамыздың көрегендігі, киесі, емшілігі, болашақты болжағыштығы, басқа да тылсым қыры мен сыры туралы аңыздар, әңгімелер, мысалдар көп. Шығыс үшін қалыпты дәсүр. Топонимикалық қыры да қалың. Ақ тулы батыр ұрпағы Қалдыбек Сәбденұлы: «Өмірдегі негізгі ұстанған бағытым да, ұраным да әділдік, шындық, тазалық болды. Осы үш ұран, үш бағыт арқылы талай асулардан өттім, шыңдарға жеттім. Бәрі де Алланың арқасы, Жабай бабамның арқасы...», деп ағынан жарылса, әйгілі академик Қылыбай Медеубеков: «Жабай ата «Таза жүрсен несібен өзіңнен» деген өсиетінде адамның ниетінің, іс-әрекетінің таза болуын, таза болғанда ғана несібенің өзі келетінін айтады... Жабай атамыздың аруағы бұдан әрі де халқына қызмет етеді», деген жолдарды жазған екен. Осының бәрін жинақтап, 290 жылдығына орай қабылданған эмблема тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін «Жабай тоқсаба әулие» деген идеологемамен бекемдепті.

«Токсаба» термині жайлы жоғарыда айттық. Енді «әулие» терминіне келейік. Әулие – араб сөзі. Әу бастағы мағынасы – Алланың досы, сөзін жүзеге асырушы. Кейініректе көріпкел, теңдессіз, мінсіз сынды анықтауыштар орнына қолданылды. Осылардың алғашқысына, түпнұсқасына басымдық бергеніміз дұрыс-ау. Саналы өмірі ат үстінде өткен батыр да, қолбасшы да мұсылманның бес парызын, ислам дінінің қағидаттарын толығымен сақтай алмайтыны ақиқат. Бүгінгінің батыры партизан

К.Қайсеновтің «екі қолым шынтағымға дейін қан. Менің орным жұмақта емес» дегенін көзбен көріп, құлақпен естідік. Пайғамбарлық пайғамбарға, әулиелік әулиеге ғана жарасады. Ендеше, Жабай батырды «әулие» дегеннің орнына «қасиетті», «киелі», «абыз» десек, еш қателесе қоймаспыз. Терминнің нақтылығы мен дәлдігі ғылым үшін де, таным үшін де, тәрбие үшін де маңызды. Жетпіс жыл құдайсыз өмір сүріп, исламға енді орала бастағанымызда бірінші қадамнан дұрыс бағыт алғанның болашағы баянды.

Сонымен,Тәуелсіздіктің шапағатымен, түрлі кәсіп пен мамандық иелерінің белсенділігімен ұлттық тарихнамамыздың жайытану жобасы бейресми құлшыныс аясында дүниеге келіп, үздіксіз жүзеге асу үстінде. Осының ғылыми-практикалық нәтижесін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сынды бағдарламалармен үндестіре отырып, қазіргіден де биік деңгейге көтеру үшін екі жұмысты қолға алу керек: бірі – Қытай, Өзбекстан, басқа да ел архивтерінен, музей, кітапхана қорларынан Жабай есімін, ісін, ізін іздестіру. XVIII ғасыр құжаттарында, қолжазбаларында тұлғаларымызға қатысты құнды ақпараттар, деректер, цифрлар бар екенін, әлі ғылыми айналымға кірмей жатқанын Б.Еженханұлының, Н.Мұхамедханұлының, Ә.Мұхтардың, Т.Бейсембиевтің, В.Моисеевтің, И.Ерофееваның, А.Исиннің зерттеулері дәлелдеді. Игі іс Шымкент пен Түркістан тарихшылары ізденісімен жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді.

Екіншісі – әл Фарабиден М.Шокайға, 2018 жылы Түркияда дүниеден озған Алматы Әлімге дейінгі аралықта өшпес із қалдырған қасиетті, киелі асылдарымыздың мемлекеттік тізімін жасап, елде де, мемлекетаралық тиісті келісімшарттар негізінде таяу-алыс шетте де лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдыру. Бұл тізімге Жабай батырға қатысты нысандардың бірде-біреуі Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті немесе өңірлік қасиетті нысандары мәртебесіне ие емес. Мәңгілік тұлғаларымызды ардақтамай Мәңгілік Ел бола алмаймыз.

Қасиеті мен киесі ерекше аруақтың риза болғанда ұрпақтарын қолдайтынын, ашуланса, жазалайтынын әрбір қазақ жақсы біледі. Президентіміз Қ.Тоқаев ең алғашқы сапарын Түркістанға барумен бастағанына бәріміз куәміз. Ұлыларға тағзым, болашаққа сенім бұл. 290 жылдығы тойланып жатқан бүгінгі күні Жабай ата да бір аунап түскен шығар.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі,
тарихшы



AINA



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ЕСТЕАНК

Халқымызға әсем әндерімен танылған композитор Шәмші Қалдаяқовтың айтқыштығы төңірегінде әңгіме көп. Ол кісімен аралас-құралас болған жылдары біраз оқиғаларына куә болдым. Шынында да, Шәмші ағамыз жүрген ортасын күлкіге қарық қылатын. Сол өзідерінің біразын мен де қағазға түсірген едім. Бүгін соны оқырман назарына ұсынудың реті келіп тұр.

ЖЕТІСАЙ САПАРЫ

Қайбір жылы Шәкен аксұр «Жигулі» машинасымен Жетісайға бара жатып

Қалдаяқовпын, казактың композиторымын» деп кешіруін өтінсе керек. Сонда инспектор «тәңгәдан» күдер үзіп, талонын сырт еткізіп тесіпті де сазгердің қолына ұстатыпты. Сонда Шәкен: — Әй, інім-ай, ой, айналайын-ай, мен қадірлі болмасам, сендерге,



2001 жылдын жазы болатын. ЖенПИ-де тарих-филология факультетінің деканы қызметін аткарып жүрген кезім. Ректор — әдебиет пен мәдениеттің жанашыры, жоғары оқу орындарының осы күнгі Құнанбайы (*ректорлар кеңесінің төрағасы*) С.Піріалиев мырза. Әйгілі жезандай әнші КСРО халық әртісі, Қазақстанның Халық қаһарманы Роза Бағланова апамызбен студенттердің кездесуі ұйымдастырылды. Одан соң шағын құрамда қадірлі қонаққа шөй берілді. Сонда әңгіме арасында Шәкең туралы сөз болып қалды. Данқты әнші апамыздың үйіне кезекті әнінің нотасын тапсыруға келгенде Шәкеннің аузынан шараптың иісі шығып тұрған сияқты болыпты. Сонда Роза Тәжібайқызы: — Шәмші қарғам-ау, «ұрттап» алғансың ба, қалай? Шараптың

иісі шығып тұр ғой өзіңнен, — депті әсем даусымен бипаздап. Сөйтсе Шәкең көкеміз: — Ой, апа-ай, қайдағы шарап? Не болса соны айтады екенсіз сіз де. Әлі білмейсіз бе? Бұл өзіңіз айтып жүрген «Ақмәңдайлым» мен «Ақсұңқарымның» буы ғой, — десе керек міз бақпай.

Бақтияр СМАНОВ,
Ұлттық ғылым академиясының академигі



ХААЫҚ ЕСЕБІ

Ауыл ақсақалының төрт ұлы болыпты. Одардың үшеуі өз алдына отау тігіп кеткен екен. Ақсақалды кісі төртінші баласын үйлендіріп, оның алдына бес саулық салып беруді ойластырады.

Бір күні ол үш ұлының үйлеріне барып, бәрінің қойы қырық бір бас екенін біліп қайтады да, оларды шақырып алып: «Әрқайсың өздеріңдегі қойларды төртке бөліп, бөлінбей қалғанын кенже інілеріне беріңдер», — дейді.

Үш жігіт қойларын әке айтуынша бөліп, бөлінбей қалғанын інісіне әкеліп береді. Сөйтіп, кенже жігіт бес саулыққа ие болады.

— Екеуіннің қойын менікінен артық еді, енді тенесті, — дейді қой берген үш жігіттің бірі өзгелеріне. Бұл үшеуінің қойлары алғашында қаншадан болған?

JAS QAZAQ
ҒААБЕРЕНСЫ



Фото: Ғалия КАЛИЕВА

Бес саулық



Тақияға тағылған моншақ

Өнерлі қыз барқыттан тақия тігіп, оның төңірегін айналдыра кестелейді. Тақия дайын болған соң оның маңдай тұсын екі түсті моншақпен әрлеуге кіріседі. Әр екі ақ моншақтың ортасына бір қызыл моншақ тігеді. Моншақтарды осылайша үш-үштен бірнеше қатар етіп тіккенде жеті қызыл моншақ артылып қалады. Өз ісіне риза болмай қалған қыз енді моншақтарды қайта сөгіп алып, әр екі қызыл моншақтың ортасына бір ақ моншақ қосып тігеді. Бұл жолы алдыңғыдан бір қатар артық кестеленеді және біраз ақ моншақ артылып қалады. Қыздың барлық моншағы, оның ішінде ағы мен қызылы қанша?



«Қырық қазына» кітабынан

Күз көріністері



Қабырғадан қар жауса, Атан менен нарға күш. Ел шетіне жау келсе, Батыр менен биге күш, —

деген Төле бидің аталы да баталы сөзі бүгінге дейін мәнін жойған жоқ. Аталардан қалған осы секілді асыл сөздердің келешек ұрпаққа бөері мол. Сондықтан оған насихат керек. Бұл тұрғыда Алматыда ұйымдастырылған «Ділмар» II республикалық шешендік өнер байқауының маңызы ерекше болғанын айта кеткеніміз орынды болар.

Шешендер шеберлігін көрсетті

Байқаудың мақсаты — шешендік өнер арқылы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру. Сол себепті де болар, игілігі мол шараға атсалысуға ықылас білдіргендер көп болды. Жарысқа қатысушыларға ақын-жырау, би-шешендерден кімдердің өсиетін оқып-тоқу керектігі алдын ала белгіленіп берілген. Сондықтан болар балалардың әрқайсысы аталарымыз айтып кеткен өсиеттерді нәшіне келтіре орындады. Алғашқы кезеңде үміткерлер мақал-мәтел мен даналық сөздердің мағынасын ашып жеткізсе, екінші кезеңде арнайы берілген сөзден мағыналы да мәнді сөйлем құрады. Ал 3 кезеңде шешендік сөздерге кезек берілді. Атап айтқанда, жеребе арқылы таңдалған тақырыпты екі қатысушы небары 5 минутта ашып, талдап, таразылады. Байқауда бақ сынағандар осы арқылы сөздік қорын,



ой ұшқырлығын, білімі мен тапқырлығын дәлелдеуге тырысты.

Байқау барысында көрерменін сүйсінткендер көп болды. Балалардың білімпаздығы мен зеректігін бағалаған белгілі журналист Марат Тоқашбаев, Серік Әкірамулы, Маралбек Ермұхамет, Аманжан Еңсебайұлы мен профессор Гүлбану Қосымова шәкірттерге ризашылықтарын білдірді. Байқау Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының демеушілігімен жүзеге асты.

Жарыс қорытындысы бойынша Қостанайдан келген Аякөз Досымхановаға бас жүлде бір ауыздан берілді. Абай атындағы РММИ оқушысы Думан Дәулетбек, қызылордалық Ардақ Балтабаева, актөбелік Марғұлан Кәдірбай 2-орын, ал Алматы облысынан келген Мерей Бектұрға, алматылық Роза Әшілбекова, шымкенттік Гүлсән Жәдігерова 3-орынды бөлісті. 5 қатысушы ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Оқушылардың барлығына алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

**ФОРУМ
СТРАТЕГИЧЕСКИХ
ИНИЦИАТИВ**

ОТ РЕШЕНИЙ К ДЕЙСТВИЯМ

- Новая экономическая политика
- Банковский сектор
- Пенсионная реформа
- 10 шокирующих прогнозов
- Доверие

20 ноября

Rixos President Astana

Регистрация на сайте

forum.csi.kz

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — <i>арнаулы тілші</i> Әбдіманап КЕНЕС — <i>жастар және ғылым</i> Кәмшат ТӨЛЕШОВА — <i>терімші</i> Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — <i>web-sait</i>	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2187; Бағасы келісім бойынша Апталық таралымы — 25 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	--	--	---